

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты
қолжазба құқығында

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллақызы

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ (АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)**

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04105 - Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7М04105 - Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші _____ Укибаева Г. К. PhD, э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С. с.ғ.д.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	7
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	39
ҚОРЫТЫНДЫ.....	41
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	44
ҚОСЫМШАЛАР	69

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» қаулысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы

Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР БжҒМ	- Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
ҰБДҚ	- Ұлттық білім беру деректер қоры
ҰБТ	- Ұлттық бірыңғай тестілеу
СҒД	- Саясат ғылымдарының докторы
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЭҒК	- Экономика ғылымдарының кандидаты

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттігі-білімімен, саяси сауаттылығымен, елдің басқа елдермен әртүрлі саяси мәселелерін өзара тиімді шешуімен өлшенеді. Бұл бағытта білім саласының алатын маңызы ерекше. Еліміздің болашағы жастар десек, жастардың болашағы оларды сапалы білім, саналы тәрбиемен қаруландырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің озық үлгісін өнегесін, тәжірибесін үйрететін ұстаздар қауымына байланысты болмақ.

Осы тұста Ахмет Байтұрсыновтың: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктер түзелгенде оқумен түзеледі. Оны түзететін – білім мен білікті ұстаз», – деген сөзі еріксіз еске түседі.

Өйткені, ұстаз – келешек жас ұрпаққа терең де жан-жақты білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі қоғамның сенім білдірген өкілі. Ұстаз – өскелең ұрпақтың бойына білім мен тәрбиені, жақсы мінез бен көркем әдепті, өмірге деген құштарлықты, арман мен мақсатты қалыптастырушы ең басты тұлға.

Біздің елімізде білім саласына жеткілікті көңіл бөлініп келе ме? Қазіргі уақытта білім беру саласындағы саясатты одан әрі дамыту үшін қандай жұмыстар атқарылуда? Бұл жұмыста қоғамдық түсінікке әсер ететін факторлар, яғни білім саласындағы жалпы атқарылып жатырған жұмыстар қарастырылады.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерін қолдау шаралары, оқыту сапасына қатысты ағымдағы жағдай, білім беру проблемалары мен оны шешу жолдары ұсынылады. Сауалнама нәтижелерін талдау және нақты жағдайларды бағамдауларға сүйене отырып, бұл жұмыста еліміздегі білім беру саласындағы саясатты дамытуға қатысты ұсыныстар жасалды.

Дүние жүзіне егеменді ел екендігін әйгілеген Қазақстанның басты мақсаты-ел экономикасын өркендету, халықтың тұрмысын жақсарту десек, білім мен ғылымның өркендеуі осы экономикалық өсудің, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруының көрсеткіші болып табылады. Демек бұл білім мен ғылымға жүктелетін жауапкершілік те жоғары дегенді білдіреді.

Жас ұрпаққа алдыңғы қатардағы елдер жастарымен тең тұратындай білім беру мақсаты Қазақстандағы білімнің реформалануына әкелді. Бұл- мемлекет алдындағы ең маңызды мәселелердің бірі.

«Осыған орай, білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, жаңа бағыттағы мектептер пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңаруына алып келді.

Әрбір мемлекеттің ел дамуының өзіндік стратегиялық және әлеуметтік жоспары бар. Қазақстан Республикасының "Қазақстан-2050" стратегиясына сәйкес ел 2050 жылға қарай Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін сауаттылығы жоғары елге айналуы керек»[1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты

Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс»- деп атап көрсеткен болатын[2].

Қабылданған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының мақсаты–білім алушылардың білім сапасын арттыру болып табылады.

«Білім беру мен басқарудың дәстүрлі мазмұнын өзгертіп, жаңа мыңжылдық мектебіне түбірлі бетбұрысқа батыл қадам жасауға тура келеді. Біреулер оныертеңге қалдырады, біреулер бүгін бастайды. Кей баланың бағы бүгін жанады, басқасына 100 жылдан кейін сәті түседі» (Д.И. Менделеев) XXI ғасыр – ғылымның, білімнің дәуірі. Сондықтан жастарға жаңаша білім берудің ерекшелігі көп. Тәрбие мен білім берудегі істің ең маңыздысы-жас буынды дарынды, һәм шығармашылық тұлға етіп қалыптастыру болып табылады. Білім берудің мақсаты – жаңа заман тұлғасының дамуын жүзеге асыру. Адамзаттың кейінгі ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, педагогиканың жаңашылдық пен тың жолдарын іздеу, дамыту жалғаса бермек. Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Ғабит Мүсірепов: «Оқу - білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек» – деді.

«Қазақстан–2030» стратегиясы білім берудің ұзақ мерзімді маңызды басымдылықтарының бірі ретінде мойындалды. 2007 жылы ҚР «Білім туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы бекітілді, ол экономиканың тұрақты дамуы үшін сапалы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету жолымен адами капиталды дамытуға бағытталған.

Жалпы алғанда елімізде мұғалім кадрлар біліктілігінің сапасын арттыру, білім жүйесін жаңарту, жаңғырту, материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда білім сапасын көтерудің жолдары сан алуан. Ең бастысы- білімді де кәсіби білікті, құзыретті, ойы ұшқыр, шығармашыл ұстаздың шәкіртпен бірге, бірлесе еңбек етуі.

Сапалы білім теориялық және практикалық жұмыстың көкжиегін кеңейтуді, ғылымға негізделген жүйеленген бағдарлама бойынша еңбекке баулуды білдіреді. Бұл баланың қабілеттерін жетілдіру, оларды жетілдіру. Сапалы білім-бұл оқыту мен тәрбие жұмысының үздіксіз процесі. Қазіргі уақытта білім берудің мақсаты-жан-жақты білімі бар, жоғары адамгершілікке қабілетті тұлғаны, өмірге бейім ұрпақты қалыптастыру.

Қазіргі күні жұртшылықты толғандырып отырған білім саласындағы мәселелер өзекті. Орта білім беру саласындағы білім беру сапасын басқару-жан-жақты көзқарасты, проблемалық мәселелерді шешуді талап ететін ауқымды және өзекті мәселе. Кез-келген қызмет саласы өз саласының қызметі бойынша жоғары сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуге тырысады. Мұндай ұмтылыс, сөзсіз, білім беру саласында да байқалады, өйткені мектеп ұсынатын білім сапасы туралы мәселе барлық уақытта өзектілігін жоғалтқан жоқ. Осыған байланысты, ҚР білім саласындағы орта білім сапасын зерттеуге, қазіргі жағдайдағы мәселелерін

анықтауға, оны жетілдіру жөніндегі тиімді шараларға бағытталған магистрлік жоба тақырыбы өзекті болып табылады.

Жүргізілген зерттеудің мақсаты: Атырау облысында орта білім беру сапасын арттырудың проблемаларын табу, оны айқындап шешу жолдарын ұсыну.

Жобаның міндеттері: Атырау облысындағы білім беру жүйесіндегі проблемаларды талдай отырып, нормативтік құқықтық құжаттардағы кателіктерге назар аудару, оларға ұсыныс беру;

- Алдыңғы қатарлы шетелдердің беру саласындағы тәжірибелерін зерттеу;
- білім сапасын арттыруда проблемаларды шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу пәні: Орта білім сапасын қамтамасыз етуде мемлекеттік саясат

Зерттеу нысаны: Қазақстандағы, соның ішінде Атырау облысындағы орта білім саласы.

Зерттеу сұрағы: Атырау облысының білім саласын жақсарту үшін қандай шаралар жасалу қажет?

Зерттеу жұмысының әдістері: Жобаның зерттеу пәніне сәйкес салыстырма, контент талдау, білім саласы қызметкерлері арасында, ата-анаар арасында сараптамалық сауалнама, тереңдетілген сұхбат, статистикалық деректер әдістері қолданылады.

Күтілетін нәтиже: жоба тақырыбы аясында зерттеу жұмысы негізінде берілген ұсыныстар Атырау облысындағы орта білім сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: мемлекет тарапынан білім саласының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Бұл ұсыныстар, сонымен қатар, экономикалық тұрғыдан алғанда, бюджет қаржысының үнемделуіне, білім сапасының өсуіне ықпал етуге, білім саласындағы цифровизацияның дамуына, нормативтік құқықтық құжаттарға ұсыныс беріп, оны жетілдіруге бағытталған.

Практикалық маңыздылығы: зерттеу қорытындысы негізінде жасалған ұсыныстарды білім саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мүдделі мемлекеттік органдар қолдана алады.

Жарияланым: Жоба аясында «Атырау облысындағы орта білім сапасын арттыру: проблемалар және шешу жолдары» тақырыбында 2022 жылдың № 49 (444) «Молодой ученый», Халықаралық ғылыми журналында жарияланды (547-552 беттер, 0,31 баспа табақ)

Әдебиетке шолу

Жалпы білім беру процесі дегеніміз не? Э.ғ.к. профессор Е.Арынның жалпы редакциялығымен шығарылған «Орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде» білім беру мағынасы былай түсіндіріледі: «Білім беру-оқу орнында ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі, қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты. Білім берудің мақсаты-қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени және олардың дене бітімінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі, жүйеге келтірілген білім, білік, дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгерту және оның нәтижесіне қол жеткізу»[3].

Сонымен қатар осы сөздікте білім беру жүйесінің міндеттері былай түсіндірілген: «Білім беру жүйесінің міндеттері- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру, оқыту мен өздігінен іздену негізінде жүзеге асырылады»[3, 482].

П.Ф.Анисимов пен В.Е.Сосоноко білім беру мекемелерінің басты мақсатын былай түсіндіре кеткен. «Білім беру мекемелерінің басты мақсаты- тұлғаның сапалы білім алуына жағдай жасау деп түйіндеуге болады. «Сапа» -бұл нысандар мен үрдістердің тиімділігі, құндылығы, олардың мақсаттары, нормаларды қанағаттандыруға жарамдылығы немесе, бейімділігі, яғни талаптарға, қажеттіліктерге және нормаға сәйкес немес дәл болуы»[4].

А.И.Субетто сапа ұғымына түсінік бере кеткен: «Сапа ұғымы «қалай», «қандай» сөздерінен туындаған, қандай ерекшеліктерге ие дегенді білдіреді. Сапа – жалпы ғылыми санат, оны әртүрлі саланың мамандары қолданады. Сапа-берілген стандарттарға сәйкес еңбек нәтижесі. Білім беру саласындағы сапа-білім беру саласының «өнімі», яғни оқушының білімі, білігі және дағдыларының қалыптасу деңгейі» және сонымен қатар, А.И.Субетто «бұл түсініктің барлық аспектілері сипаттаманың бірлігі мен бірін-бірі толықтырулары арқылы ғана «сапа» ұғымының нақты мәнін көпсалалы, пәнаралық құбылыс ретінде бағалауға болады» деген қорытынды жасады[5].

Сонымен қатар білім сапасы туралы түсінік М.М.Поташниктің «Управление современной школы. Пособие для директора школы» әдістемелік құралында былай деп көрсетілген: «Педагогикалық сипаттамаларда білім сапасын әртүрлі нұсқаларда: философиялық және басқарушылық тәсілдермен түсіндіреді. Білім сапасына философиялық көзқарас- бұл «білім беру, тәрбиелеу және тұлғаны дамыту мәселелерін шешуге көмектесетін жиынтықтың ерекшеліктері» деп түсіндіреді. Көптеген педагог- ғалымдар бұл «білім беру процесінде күзиреттілікті және кәсіби сана-сезімді біртіндеп тиімді қалыптастыруды анықтауды сипаттайтын кешен» деп түсіндіреді.

Қазіргі кездегі педагогикадағы анықтамалардың көпшілігі, нәтижені білім сапасының бір көрсеткіші ретінде ғана қарастырады, бірақ бұл сапаға тән

ерекшеліктер, оның құрамдас бөліктерінің заңды байланысы ретінде қарама-қайшылық тудырады. Білім сапасы мазмұнын нәтижеге баламалап шектеу қою, сонымен қатар, сандық көрсеткіштермен анықтау қазіргі педагогикада кең таралып отыр, яғни білім нәтижелерін анықтаудың нақты көрсеткіштері мен өлшемдері анықталмаған.

М.М.Поташник білім сапасы туралы былай деген: «Білім беру сапасы мақсат пен нәтиженің арақатынасы, мақсатқа жетудің өлшемі мақсаттарға жету әрі мақсаттар (нәтиже) әрекеттер түрінде беріліп және оқушының әлеуеттік даму аймағында ғана жобаланған мөлшер, жақсы нәтижеге жету ғана емес, ең төменгі шығынмен ең жақсы жетістіктерге жету мөлшері ретінде анықталады, яғни тиімді нәтиже»[6].

Қазақ ғалымдарының ішінен орта білім сапасы туралы зерттеп жүрген бірден бір ғалым А.Құсайынов орта білім сапасы туралы: «Орта білім беру жүйесі өте күрделі жүйе. Сондықтан, білім сапасын көтеру мақсатында жүргізілген реформалаудың ғылыми негізі болуы керек деп білемін. Ғылыми негізі бар істен олқылық кетпейді. Өкінішке орай бізде олай болмай тұр. Әр күрделі жүйенің алтын арқауы тәрізді – білімнің өзіндік құрылымы бар. Білім сапасын көтеру үшін осы құрылымды анықтап барып, оқу сапасын үйлесімді түрде көтеру керек. Сонда ғана білімде сапа болады» -деп тұжырымдайды[7].

Р. Өміртаева білім сапасы оқулыққа да байланысты деп есептейді: «Қазіргі заман мектебі тұлғаның жеке дара психофизикалық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамытуды қамтамсыз ететін оқыту үлгісін іздесу үстінде. Осы орайда оқулық дайындау ісі басты назарда. Оқулық дайындау оңай шаруа емес. Белгілі бір жүріс пен атқарылуы тиіс. Бұл жұмыс барысында да оқытудың негізгі тұжыры/мдамасы мен бағдарламасын жасау барысында да жеке тұлғаның жас ерекшеліктері мен қабілеті ескерілуі тиіс»[8].

«Замануи мектептегі білім сапасын басқару:әдістемелік құралында» білім сапасы, жалпы білім берудің ерекшеліктері былай деп түсіндіріледі:

«Сонымен, «білім сапасы» түсінігіне «қазіргі заман педагогикалық теориясы, тәжірибесі, талаптарына сәйкес және тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің білім сұраныстарын қанағаттандыра алатын білім беру ерекшеліктерінің жиынтығы деген тұжырымды анықтап, қазіргі мектептегі білім сапасын білім беру үдерісіне жасалатын жағдайлардың сапасы, білім беру

2. Білім беру үдерісін жүзеге асыру сапасы:

- білім беру үдерісі мазмұнының сапасы;
- пәндерді оқыту сапасы;
- өздігінен білім алуға ынталандыру сапасы.

3. Білім беру нәтижесінің сапасы:

- білім, білік және дағдылардың сапасы;
- шығармашылық жұмыспен айналысу білігінің сапасы;
- тәрбиелілік деңгейінің сапасы;
- тұлғаның даму сапасы т.б.

4. Жалпы білім беру сапасының сыртқы ерекшеліктері:

- білім беру оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес болуы;
- білім берудің ата-аналардың сұраныстарына сәйкес болуы;
- білім берудің қоғам талабына сәйкестігі;
- білім берудің мемлекет талаптарына сәйкестігі;
- білім берудің кәсіби білім беру мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес болуы;
- тұрақты сапалы білім беруге кепілдік беретін мектептің мәртебесі.

Жоғарыда айтылғандардан білім сапасы көпөлшемді түсінік ретінде қалыптастырылуы, алынған білім нақты мақсатқа жету және өмір сапасын арттыру үшін қолданылуы керек деген қорытынды жасауға болады. Қазіргі кезде білім сапасы әлеуметтік тапсырыс берушілердің (оқушы, ата-ана, қрғам, мемлекет,) талаптарын орындау арқылы, олардың қанағаттануын арттыруға бағытталған» деп көрсетілсе[9], орыс ғалымы Е.В.Пискунова: «Бүгінгі заманғы әрбір мемлекет білім беру саясатын, елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған басты стратегия ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда білім беру сапасы «мақсатқа сай сапа» ретінде басқа қырынан танылады, өйткені білім берудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің индикаторы-сапалық көрсеткіші болып табылады. рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету» Егер салыстыру үшін әлдеқайда ұзағырақ уақыт кезеңін қарастыратын болсақ, онда білім сапасын пайымдау акценттерінің қалай ауысатынын анықтауға болады. Бұрын білім берудегі төменгі тиімділік, оқушылардың жоғарғы нәтижелі көрсеткіштерге қолжеткізе алмауы өз қабілеттерінің немесе мотивацияларының болмауы себептерімен түсіндірілді. Бүгінде педагогикалық оңтайлылық, ынталандыру алдыңғы орынға шығады, әр оқушының білім алудағы жеке векторын анықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасалады» - деп ой түйеді[10].

Қорытындылай келгенде, білім сапасы дегеніміз білім беру саласындағы нақты бір сатысындағы жоспарланған мақсаттарға сәйкес оқушылардың білім, білік және дағдылар деңгейі, жалпы білім беру ұйымымен бұл іске қатысушылардың күткен нәтижесімен қанағаттану дәрежесі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес осы жобаны жазу кезінде сандық және сапалық әдістері қолданылды. Оның ішінде аналитикалық статистикалық көрсеткіштерді талдау, контент-талдау, сараптамалық сауалнама әдістері пайдаланылды. Нақтылап кетсек:

1. Контент талдау: Еліміздегі білім саласы бойынша жиі талқыланатын мәселелерді анықтау мақсатында, Қазақстанның аналитикалық интернет порталдарында жарияланған мақалаларға контент-талдау жасалынды. Талдау барысында қазақ тілді ABAI.KZ, Qamshy.kz, Qazaquni.kz, Zhasalash.kz, Ult.kz, Jasqazaq.kz және орыс тілді Vlast.kz, 365info.kz, Baigenews.kz, Time.kz, Forbes.kz порталдарында соңғы үш жылда (2021-2022 жылдарда) жарияланған мақалалар зерделенді.

2. Қазақстандағы заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылатын ҚР Парламентінің Мәжілісінің соңғы үш жылдағы (2020-2022 жылдардағы) білім саласы бойынша көтерілген депутаттық сауалдарға талдау жүргізілді.

3. Сауалнама: білім саласындағы өзекті мәселелерді зерделеуге арналған мұғалімдерге, директорларға, ата-аналарға арналған сауалнама өткізілді.

4. Статистикалық деректерді, көрсеткіштерді пайдалану:

- ҚР Ұлттық статистика бюросындағы Атырау облысындағы халық саны, 0-14, 0-4 аралығындағы балалар саны бойынша статистикалық ақпаратқа салыстырмалы талдау жүргізілді;

5. Халықаралық тәжірибені зерделеу: алдыңғы қатарлы Қытай, Жапония, Финляндия сияқты елдердің білім саласына шолу жасалынды.

- Салыстырмалы талдау: Атырау қаласы мен Қарағанды облысының білім саласындағы көрсеткіштеріне талдау жүргізілді.

6. Сұқбат: Облыстық білім беру басқармасы басшысы орынбасарымен, Махамбет, Индер аудандық білім бөлімдері басшыларымен, облыстық әдістемелік кабинет басшысының орынбасарымен, мектеп директорымен, Исатай ауданы Новобогат орта мектебінің мұғалімімен сұқбат жүргізілді.

7. Зерттеу шектеулері: зерттеу процесінде қол жетімді деректерді шектеулі көлемі. Білім саласы бойынша республикалық көрсеткіштерді ақпарат алуда қиындық туындады.

8. Этикалық ойлар: зерттеу барысында деректердің құпиялығы, сараптамалық сауалнамаға қатысқан адамдардың Қазақстан заңнамасы мен зерттеулер саласындағы халықаралық стандарттардың сақталуы сияқты Этика қағидаттары сақталды.

Талдау және зерттеу нәтижелері

2021 жылы 13 қазанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Оның негізінде 10 нақты Ұлттық жоба анықталды.

Соның бірі - 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Жобада балаларды мектепке дейінгі тәрбие және біліммен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының алшақтығын қысқарту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектептер салу, қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын құру және басқа да мәселелер қарастырылған.

Жобаның басты мақсаты- барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру. Бұл жоба бойынша қала мен ауыл мектептері арасындағы оқу сапасының алшақтығын қысқарту, PISA халықаралық жобасына қатысушылардың деңгейін көтеру.

20212 жылы шыққан TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құралында «Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамды түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA, TIMSS халықаралық зерттеулері өткізілуде» деп жазылған[11].

Барлық елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де, салыстырмалы халықаралық зерттеулердегі жүлдегер елдердің ұлттық білім жүйесінің тиімділігі мен оқушылары жоғары білім жетістігін көрсеткен елдер мектебінде білім беру жүйесінің қызмет ету тәжірибесін талдаудың маңызы зор.

Білім беру дәрежесі туралы дүниежүзілік табель халықаралық салыстырмалы зерттеулер нәтижелері бойынша құрастырылады.

2003 жылғы PISA зерттеуіне 34 ел, 2006 жылғы PISA зерттеуіне 65 ел қатысты. 2003 және 2006 жылдары 9 ел ғана: Финляндия, Гонконг, Оңтүстік Корея, Канада Жаңа Зеландия, Аустралия, Нидерланд, Лихтенштейн, Жапония сынақтың барлық үш түрінде «ортадан жоғары» нәтиже көрсетті. Бұлардан басқа Тайвань, Эстония, Швейцария елдері де 2006 жылы осындай жоғары нәтиже көрсеткен.

PISA зерттеуінің 2019 жылғы барлық үш сынағында «ортадан жоғары нәтижені» барлығы 14 ел көрсеткен. Оның ішінде Орта Азияның Шанхай, Финляндия, Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты елдері бар.

Көріп отырғанымыздай зерттеу нәтижелері бойынша тұрақты жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған көш басындағы елдердің алтауы Оңтүстік Азиядан екені көрініп тұр. Аталған елдердің мектепте білім берудегі жоғары нәтижелерді қамтамасыз ету шарттары мен жұмыс істеу тәжірибелерін талдау олардың табыстылығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Аталған елдердің білім саласындағы тәжірибесіне тоқталайық.

Жапония

Жапондарда білім беру, тәрбиелеу, адамды қалыптастыру философиялары өзара тығыз байланысты. Жапон мектебінде дәстүрлі оқу мақсаты білім беруге қарағанда, тәрбиелеуге көп мән береді. Халық арасында ғалым болғанша жақсы адам болған дұрыс деп есептеледі. Бұл мақсат бастауыш мектептің оқу жоспарларында арнаулы пәндер көмегімен жүзеге асырылады.

Жапондық үздіксіз білім беру жүйесі жапон ғылымының рухани адамгершілік құндылықтарын көрсететін негізгі 3 өмірлік ұстанымды насихаттайды:

1) ойланып үйрен, өз бетіңмен шешім қабылда, проблемаларды шешудің ең жақсы жолдарын іздеп тап;

2) әдемілікті түсін, өзінде сұлулық сезімін тәрбиеле, жаның сұлу болсын, мейірімді бол, аяушылық білдіре біл.

3) денің сау, төзімді, күшті бол.

Жапония білім жүйесін мұқият зерттеген кезде жоғарыда көрсетілген жағдайлар өмірде, оқу үдерісінде, қоғамда нақты жүзеге асқанына ондаған, жүздеген мысал табуға болады[12].

Қытай

Қытайдағы білім беру жүйесі: Мектепке дейінгі білім, бастауыш, кіші немесе толық орта мектеп, университет, докторантура. Қытайлықтар балабақшаға үш жастан бастап барады, мемлекеттік және жеке балабақшаны таңдай алады. Балабақша білім беру процесінің міндетті кезеңі болып табылатыны маңызды, мектепке дейінгі дайындықсыз балалар мектепке қабылданбайды. Дәл осы бақта қытайлықтар пиньиньді-Қытай дыбыстарының жазбасын зерттей бастайды. Бұл иероглифтерді зерттеуге дайындық, онсыз қытай жазуын оқыту мүмкін емес.

Алты жасында балалар бастауыш мектепке барады, оның бағдарламасы тек академиялық пәндерді ғана емес, сонымен қатар физикалық және жалпы дамуды да қамтиды. Бастауыш мектеп бағдарламасы таңғы 7:00-де басталады және әдетте 16:00-ге дейін жалғасады, содан кейін балалар үйге бара алады. Келесі кезең - орта немесе кәсіптік бастауыш мектеп — балалар мен ата-аналар ЖОО-ға түсуді немесе жұмысшы мамандығын алуды таңдауы керек кезең. Екінші жағдайда, оқу төрт жылға созылады, ал орта мектеп бірнеше кезеңнен тұратын бағдарламаны ұсынады: бірінші және жоғары, әрқайсысы үш жылдық оқуды қамтиды.

Қытайдағы орта білім міндетті және ақысыз, бірақ тек жоғары деңгейге дейін, оған кіру сынақтарыңызсыз өту мүмкін емес. Қытайдағы ең жоғары деңгей тек бәсекеге қабілетті ғана емес, сонымен қатар ақылы. Осылайша, жоғары деңгейдегі орта мектепке түсу-бұл барлық адамдар жеңе алмайтын алғашқы маңызды және қатал су алабы. Сонымен қатар, емтихандар сәтсіз болған жағдайда білім алуға ақы төлеу мүмкіндігі көмектеспейді. Орта мектеп оқушыларды жоғары оқу орнына түсуге дайындайды, кәсіптік мектеп бітіргеннен кейін жұмыс табуға көмектеседі.

Бірақ мектеп таңдауына қарамастан, тәртіп пен еңбекқорлық барлық оқушыларға қойылатын негізгі талап болып қала береді. Бірнеше сабақты өткізіп жіберу оқудан шығаруға әкеп соғады. Бірақ мектеп бітіргеннен кейін белгіленген мемлекеттік емтиханнан өтпеген балалар ЖОО-да оқу мүмкіндігінен айырылып, тек кәсіптік мектептегі жұмыс кәсібіне сене алады[13].

Финляндия

Білім беру индексі бойынша Финляндия тұрақты түрде бірінші орын алады. 2010 жылы америкалық News-week журналы Финляндияны білім сапасы бойынша озық ел деп атады. Еуроодақ Финляндияның білім жүйесі оның білім беруінің өзегі болуы керек деп есептейді[14].

Финнің білім жүйесінің негізгі ұстанымы: оқушыларды оқытуға, қолдауға дербес көзқарас тұрғысынан келу, мұғалімдердің жоғары білімі, орталықтандырылған басқару және жергілікті жерде қолдау көрсету, жоғары мәдениетті қамтамасыз ету. Оқушылармен жұмыс істейтін психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер саны жөнінен фин мектептері еуропалық елдер арасында жетекші орын орындардың бірін алады. Ең жақсы білікті педагогтар мектепке дейінгі секторда және кіші жастағылар мектептерінде жұмыс жасайды, себебі мектепке дейінгі білім беру өмір бойғы оқудың бірінші және анағұрлым маңызды кезеңі болып табылады.


Мектепте сабақ беруге магистр дәрежесі бар мұғалімдер ғана жіберіледі. Оның үстіне Финляндияда педагог мамандығына оқуға мектеп түлектерінің ең жақсы 10%-ның ішінен қабылдайды, себебі балалардың білімі мен тәрбиесінің сапасы мұғалім жұмысының сапасына, яғни олардың кәсіби біліктілік деңгейіне негізделеді[15].

Аталған елдерді салыстыра келе білім беру саласындағы жүлдегер елдер ұлттық басымдылықтарды, мәдениетті, құндылықтар мен бағыттарды дамыта алатын шығармашыл және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлетінін аңғаруға болады. Мысалға, білім беру саласындағы жүлдегер елдер болып табылатын Жапония, Қытай, Финляндия елдерінде бастауыш мектептерінің оқу жоспарларында рухани-адамгершілік құндылықтар мен дене қасиеттерін қалыптастыратын пәндерді оқып үйренуге уақыттың 50%-ға жуығы бөлінеді. Қазақстанда, тарихи тұрғыда, білім беру идеялары қашан да берік рухани-адамгершілік бағдарларға сүйеніп іске асырылған. Қазақтардың өзіндік рухани философиясы туған жеріне деген сүйіспеншілікке, даналыққа, төзімділікке толы болған. Бірақ, өкінішке қарай, объективті әрі субъективті себептер негізінде, біздің көптеген құндылықтарымыз жоғалып, ұмыт болды және идеологияланды. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білім беру жетістіктеріне қол жеткізуге, яғни емтихан тапсырып, жақсы баға алуға ерекше ден қойылады. Орта білім беру жүйесінің негізгі міндеті рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеу болуы тиіс, олар: – ата-анасын сыйлайды, Отанын сүйеді, мәдениет пен тарихты біледі және дамытады; – ел бірлігін сақтайды, толерантты және халықтар достығын нығайтады; – еңбекті сүйеді, денсаулығын нығайтады және қоршаған ортаны қорғайды; – қазақ және шет ел тілдерін игерген; – бәсекеге қабілетті, зияткерлік тұрғыда дамыған және білімді[16].

Сонымен әр елдің білім беру сапасын басқару тәжірибесі елдің білім беру құндылықтарымен байланысты деп тұжырым жасауға болады.

2019 соңында экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA-2018 халықаралық зерттеуінің алғашқы нәтижелерін жариялады. Қазақстан осы бағдарламаға қатысқан барлық жылдар ішінде ең нашар нәтиже көрсетті. Осы зерттеуге 79 елден және экономикалық аймақтан келген оқушылар қатысты. 15 жастағы қазақстандықтар 69-орынға ие болды. Бағдарламаның басталуы 2000 жыл деп санауға болады. Зерттеу үш жыл сайын циклдік түрде жүргізіледі, әр циклде оқу (2000, 2009, 2018), математикалық (2003, 2012) және жаратылыстану сауаттылығы (2006, 2015) бойынша басым бағыт анықталады[17].

Төмендегі 1 - суретте PISA халықаралық зерттеуінен Қазақстанның қорытындылары көрсетілген.



1-сурет — PISA халықаралық зерттеулеріндегі Қазақстан қорытындысы
Ескертпе – [17] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Қазақстан Республикасы оқушылардың функционалдық сауаттылығына арналған халықаралық зерттеуге төрт рет қатысты. 2009 жылдан бастап мемлекет өсім көрсетті, ал 2018 жылы төмендеу байқалды.

Қазақстандық балалар PISA - ға қатысудың барлық уақыты ішінде ЭЫДҰ-ның басқа елдерінен бір жарым-екі жылға артта қалғанын көрсетті. Бұған дәлел 2018 жылы ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) бойынша математика бойынша орташа көрсеткіштен айырмашылығы 66 баллды (ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш 489 балл, Қазақстан бойынша – 423 балл), жаратылыстану пәні бойынша 92 баллды (489 қарсы 397) және оқу сауаттылығы бойынша 100 баллды (487 қарсы 387) құрады[1,551].

Төмендегі суретте 2018 жылғы PISA халықаралық зерттеуіндегі Қазақстан қорытындысы көрсетілген (2 сурет).



2- сурет — 2018 жылғы PISA халықаралық зерттеуіндегі Қазақстан қорытындысы


Ескертпе- [17] дерекөзі негізінде автормен құрастырылған.

Төмендегі 3-5 суреттерінде Халықаралық PISA зерттеулеріндегі Қазақстанның 2015, 2018 жылдардағы қорытындысы көрсетілген.



3-сурет — Халықаралық PISA – 2015,2018 зерттеулері бойынша Қазақстанның оқу сауаттылығынан нәтижесі.


Ескертпе - [1] [17] дерекөздері негізінде автормен құрастырылған.



4-сурет — Халықаралық PISA – 2015, 2018 зерттеулері бойынша Қазақстанның математикадан нәтижесі.

Ескертпе - [1] [17] дереккөздері негізінде автормен құрастырылған.

Жаратылыстану пәні бойынша нәтиже төмендегідей болды.



5-сурет — Халықаралық PISA – 2015, 2018 зерттеулері бойынша Қазақстанның жаратылыстанудан нәтижесі.

Ескертпе - [1] [17] дерекөздері негізінде автормен құрастырылған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей үш пәннен де Республика бойынша Астана қаласы және Қарағанды, Алматы, Жамбыл облыстары көшбасшысы позициясын иеленсе, Атырау облысы осы көрсеткіштер бойынша төмен деңгейде қалған.

2018 жылдың көрсеткіштері орташа нәтижеден де төмен. Функционалдық тұрғыдан сауатсыз оқушылардың 84%-ы Атырау облысының үлесінде. Ал, облыстағы оқушылардың 60%-ы екінші және одан да жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмайды [1, 551].

Сараптамалық сауалнаманың нәтижелері мен талдауы

Тұрақты көрсеткіш көрсетіп отырған көшбасшы облыстардың ішінде Қарағанды облысы бар. 2023 жылғы өндірістік тәжірибе кезінде осы облыстың білім саласы зерделенді Төмендегі кестеде Атырау облысы мен Қарағанды облысының білім саласындағы көрсеткіштері көрсетілген.

Кесте 1— Атырау облысы мен Қарағанды облысының салыстырмалы кестесі

	Атырау облысы	Қарағанды облысы
Мектеп саны	200	409
Үш ауысымды	12	1
Апатты	4	3
Оқушы саны	141228	169 071
Мұғалім саны	12 422	24 355
Оның ішінде:		
шебер	162	51
Зерттеуші	2305	457
Сарапшы	2578	4429
Модератор	2054	5011

Ескертпе — кесте білім басқармаларынан алынған мәлімет негізінде автормен құрастырылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қарағанды облысында мектеп саны көп болғанымен, бала саны аз, 1 мектепке бөлгенде бала саны 400 оқушыдан келсе, Атырау облысында 1 мектепке 700 оқушыдан келеді, яғни тығыздығы төмен. Апатты және үш ауысымды мектеп саны жоқтың қасы. Атырау облысында үш ауысымды мектеп саны - 12, оның барлығы да Атырау қаласында.

Қарағанды облысында PISA-ға дайындық барысын зерделедік. Зерделеу барысында мектептерде «AMAN SULTAN» жеке оқытудың сандық платформасы арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері орнатылғанын анықтадық. Аталған платформа мектеп компьютерлеріне орнатылған[18] .

Сонымен қатар, ауыл мектептері түлектеріне арналған ҰБТ-ға дайындық «Samgau Dijital» цифрлық платформасы жұмыс жасайды. Бұл бағдарлама-аудан әкімінің қолдауымен, демеушілер арқылы қаржыландырылған ауыл

мектептері түлектеріне арналған бағдарлама[19].

Аталған бағдарламаларды облыс мектептеріне орнатуды және Қарағанды облысымен білім саласы бойынша меморандумға отыруды ұсынамын. Бұл бағдарламалар PISA-ға дайындық дайындық жұмыстарын жүргізуге және білім сапасын көтеруге әсер етеді деп ойлаймын.

Сонымен білім сапасын көтеруге не әсер етеді, білім сапасын көтерудің шарттары қандай деген сұраққа жауап алу үшін ата-аналар, мұғалімдер және мектеп директорлары арасында сауалнама өткізілді. Сауалнаманың мақсаты - педагогтардың білім саласында жүргізіліп жатырған реформаларға көзқарасын анықтау, яғни білім саласында уәкілетті мемлекеттік органдардың жүргізіп жатқан жұмысындағы педагогтардың хабардарлығын, сенімі мен ашықтығын білу болды.

Мектеп директорлары арасында өткізілген сауалнамаға 70 респондент, мұғалімдер арасында өткізілген сауалнамаға 4544 респондент, ата-аналар арасында өткізілген сауалнамаға 20 390 респондент қатысты.

Сауалнаманың мақсаты: Қазақстан Республикасының білім сапасын сапасын жақсарту үшін қажетті шараларды анықтау, мектеп басшыларының, мұғалімдердің, ата-аналардың білім саласындағы реформаларға көзқарасын анықтау.

Мұғалімдер арасында өткен сауалнамаға қатысушылардың жұмыс өтілі келесідей:

- 1-5 жыл – 873 адам немесе 19,2%;
- 5-10 жыл – 699 адам немесе 15,4 %;
- 10-20 жыл – 1134 адам немесе 25%;
- 20-30 жыл - 965 адам немесе 21,2 %
- 30 жылдан жоғары – 873 адам немесе 19,2 %.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көрсетілген еңбек өтілі барлық жылды қамтиды. Осылайша, барлық респонденттердің өзіндік пікірі болуы мүмкін деп болжауға болады.

Сарапшылардың біліктілік санаты бойынша бөлінісі келесідей:

- 1466 адам немесе 32% – педагог;
- 902 адам немесе 19,8% модератор;
- 1165 адам немесе 25,6 % – сарапшы;
- 953 адам немесе 21% зерттеуші
- 59 адам немесе 1,3% шебер


Бұдан сарапшылардың әртүрлі еңбек өтілі бар екендігін көруге болады, яғни сауалнамаға тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған педагог- мұғалімдер де қатысқан.

Білім саласындағы реформаларға көзқарасын білу үшін қойылған сұраққа респонденттердің 37,5%-ы толықтай көңілі толатынын жеткізсе, 42,1%-ы кейбір бағыттағы жұмыстар риза боларлық деп есептейді, сонымен қатар, 12,8 %-ы барлығы да тиімді емес деп есептейді. Одан бөлек респонденттердің кейбірі өз ұсыныстарын жазған, Олардың ішінде «Зерделеудің орнына әдістемелік көмек көрсетілсе», «Оқу күнін ұзарту несімен тиімді», «Сор мен соч ттиімді емес» т.б.

жауаптар да бар.

«Білім сапасын жетілдіру үшін қажетті факторлар» деген сұраққа респонденттердің 1045-і немесе 23%- мектептің материалдық- техникалық базасы, 499-ы немесе 19,9 %-ы сапалы оқулық, 499-ы немесе 11%-ы кәсіби білікті мұғалім, 2081-і немесе 45,8%-ы осының барлығы да білім сапасын жетілдіруге қажетті факторлар деп есептейді.

Төмендегі 6-суретте сауалнамаға қатысушылардың жауаптары көрсетілген.



6-сурет — Сұрақ: «Білім сапасын жетілдіру үшін қажетті факторлар»
Ескертпе — [20] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Халықтың өмір сүру сапасын арттыруға кіретін өзекті мәселелердің бірі елді мекендердегі әлеуметтік объектілерге халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету. Бұл бағытта 2019 жылы елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі бекітілген болатын.

Бұл жүйенің мақсаты: халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Өңірлік стандарттар жүйесі елді мекендердің типіне (қаласына, ауылына) және мөлшеріне (халық санына) байланысты объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) халыққа қолжетімділігінің ең төмен міндетті деңгейін қамтамасыз етуді көздейді.

Сондай-ақ жүйе мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі, елді мекендерде көліктік, мәдени-демалыс, спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштерін айқындайды. Халықты әлеуметтік объектілермен, соның ішінде білім мекемелерімен қамтамасыз етудің ең жоғары көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан облысында-99%, Абай облысында – 97,8%, Алматы қаласында – 96,6%, Павлодар облысында – 96,3% және Қызылорда облыстарында – 96,3% байқалса, ең төмен көрсеткіштері Шымкент-90,0% және Астана - 91,2 қалаларында байқалды. 2- кестеде республика бойынша үш ауысымды және апатты мектептер саны көрсетілген.

Кесте 2 — Республика бойынша үш ауысымды және апатты мектептер саны

Облыстар	«Білімді ұлт» жобасы	
	Авариялық мектептер	Үш ауысымды мектептер
Астана	0	4
Алматы қ	1	1
Ақмола об	2	7
Қарағанды	2	1
Павлодар	0	10
Шымкент	1	15
Қызылорда	2	7
Солтүстік Қазақстан	2	2
Маңғыстау	0	13
Шығыс Қазақстан	0	0
Қостанай	1	0
Жамбыл	3	7
Атырау	4	14
Батыс Қазақстан	6	3
Ақтөбе	3	7
Алматы	1	47
Түркістан	6	7
Барлығы	34	145

Ескертпе — [21] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Кестеден көрініп тұрғандай өңірлер бойынша мектептердің үш ауысымдылығы Алматы, Маңғыстау, Павлодар, Шымкент қалалары бойынша байқалады.

Атырау облысындағы үш ауысымды мектептер Атырау қаласында ғана сақталуда. Соңғы жылдары Атырау қаласында мектеп оқушыларының өсуі байқалуда. Бұл туу есебінен ғана емес, ішкі, сыртқы миграция әсерінен де өсуде.

Төмендегі кестеде Атырау облысы бойынша 2018-2022 жылдар аралығындағы білім саласы бойынша мәліметі көрсетілген.

Кесте 3 — Атырау облысының білім саласы бойынша 2018-2022 жылдар аралығындағы мәліметі

№	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023	Динамика
Мектеп саны	194	196	198	200	201	5
Оқушы саны	123 063	129 888	130 740	137 747	141 228	+18 165
1-сыныптағы бала саны	16439	16319	14296	15295	15812	-627
Мектеп саны	194	196	198	200	201	5

Кесте 3 жалғасы

№	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023	Динамика
Атырау қ. бойынша 1-сыныптағы бала саны	9176	9027	8301	8860	9384	208
Үш ауысымды мектеп саны	14	11	11	11	11	-3
Апатты мектеп	5	4	4	4	4	1
Интернетке қосылған мектептер	172	172	175	187	191	
Ескертпе — Атырау облыстық білім беру басқармасының есебі негізінде автормен құрастырылған.						

Кестеден көрініп тұрғандай соңғы 5 жылда жаңадан салынған мектеп саны -5-еу болса, ал оқушы саны 18 165-ке өскен.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ 2022 жылғы халық саны 2018 жылға қарағанда 60 557 адамға өскен. 2023 жылдың I жартыжылдығындағы халық саны 2022 жылғыдан да асып түскен. Демек жыл аяғына дейін халық саны әлі де көбейетінін болжауға болады. Төмендегі кестеде соңғы 5 жылдағы және 2023 жылғы Атырау облысы бойынша халық саны көрсетілген. Төмендегі кестеде 2018-2023 жылдар аралығындағы халық санының өсімі көрсетілген.

Кесте 4 — 2018- 2023 жылдар аралығындағы халық саны

	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Атырау облысы	620 684	633 791	645 280	657 110	681 241	693 085
Ескертпе — [22] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.						

Сонымен қатар 0-14 жастағы балалардың тұрақты өсімі байқалуда. Төмендегі кестеде Атырау облысы бойынша 0-14 жас аралығындағы балалар санының өсімі көрсетілген.

Кесте 5 — 2018-2022 жылдар аралығындағы Атырау облысы бойынша 0-14 жас аралығындағы балалар саны:

Аудандар	2018	2019	2020	2021	2022
Атырау қ	109922	116014	123326	128739	133648
Жылыой	29400	29989	30466	31036	31714
Индер	9584	9802	9813	10071	10378
Исатай	8778	8764	8781	8818	9024
Құрманғазы	16576	16573	16729	17084	17567
Қызылқоға	9619	9577	8781	9777	10023
Мақат	10110	10230	10360	10454	10633
Махамбет	10568	10854	9035	9264	9436
Ескертпе — [22] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.					

2020 жылы 2019 жылға қарағанда бала саны 7312 балаға күрт көбейген. Бұл Атырау қаласындағы оқушы орнының тапшылығына алып келеді.

Соның ішінде мектепке дейінгі, яғни 0 және 1-4 жастағы балалардың саны тұрақты өсуде. Төмендегі кестеде соңғы 5 жылдағы 0-4 жастағы балалар өсімі көрсетілген.

Кесте 6— Атырау облысы бойынша 0 және 1-4 жастағы балалардың саны

Жасы/ жылы	2018	2019	2020	2021	2022
0	620684	633791	645280	657110	668090
1-4	16294	16843	16763	17842	18282
Ескертпе — [22] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.					

Кестеден аңғарғанымыздай 2021 жылы 2020 жылғымен салыстырғанда бала саны 12 909-ға өскен. Бұл балалардың 2025 жылы мектепке баратынын ескерсек, Атырау қаласында мектеп салу ісі кезек күттірмейтін мәселе болмақ.

Оқушы санының артуы демография есебінен ғана емес, ішкі, сыртқы көші-қон әсерінен де көбеюде. Соңғы жылдары Атырау қаласына көшіп келушілер саны күрт артқан. Бұл Атырау облысында өндіріс орындарының көп болуымен де түсіндіріледі.

Атырау облысында жоғарыда көрсетілгендей үш ауысымды мектеп саны-11.


Үш ауысымды мектептер санын азайту бағатында жергілікті атқарушы орган тарапынан жұмыстар жүргізілуде. Алайда, құрылыс жұмыстарының ұзаққа созылуы, жобалық-сметалық құжаттардың дайындалуының ұзаққа созылуы, бюджет тарапынан керекті қаражаттың бөлініп болмауы, сонымен қатар, құрылыс жұмыстары барысында құрылыс материалдарының бағасының өсіп кетуі құрылыс жұмыстарына кедергі келтіруде. Ал тапсырыс беруші мекемелер мердігерлердің жосықсыздығы да жұмысты тежейтінін атап көрсетуде.

Сонымен қатар тереңдетілген сұхбат берушілер де мектептердің үш ауысымдылығын жою білім сапасына тікелей әсер етеді деп есептейді.

Сондықтан, жеке тұрғын үй салушы құрылыс компанияларына қала аумағынан тұрғын үй мөлтек ауданын салған кезде балабақша мен мектепті де қоса салуды тапсырған жөн деп есептейміз.

Сонымен қатар «Сіздің балаңыз баратын мектепте қауіпсіз білім ортасы қалыптасқан ба?» деген сұраққа ата-аналар арасында өткізілген сауалнамаға қатысушылардың 17 638-і немесе 86,5%-ы «ия» деп жауап берсе, 2752-сі, немесе 13,5%-ы «жоқ» деп жауап берген. Демек бұл ата-аналардың балаларының мектептегі қауіпсіздікке алаңдаулығын білдіреді.

Төмендегі суретте ата-аналарға өткізілген сауалнама нәтижесі көрсетілген.



7-сурет — Сұрақ «Сіздің балаңыз баратын мектепте қауіпсіз білім ортасы қалыптасқан ба?»

Ескертпе — [23] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Соңғы уақытта Атырау қаласында мектеп оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың көбейгені алаңдатады.

2022 жылы Атырау қаласы мектептерінде мектеп оқушыларының арасында тәртіп бұзушылықтар көбейгені байқалды: Атырау қаласындағы №2 мектепке жарылғыш зат қойылғаны туралы ақпарат, №25 мектепте жоғары сынып оқушыларының төменгі сыныптардағы оқушыларды ұрып-соғу фактісі, №16 орта мектепте орта сынып оқушыларының электронды темекі шеккені туралы жағдайлар. Бұл мектептердің барлығына ортақ жағдай: біріншісі, мектептердің үш ауысымдылығы болса, екіншісі, тұрақты мектеп басшысының болмауы. Оқу сапасының жоғары болуы дұрыс ұйымдастырылған менеджментке, ұжымды дұрыс ұйымдастыра білетін менеджерге де байланысты.

Қазіргі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарау, 7-тармағына сәйкес үш айдан аспайтын мерзімге ғана тағайындала алады. Демек орта білім беру ұйымында мектеп басшысы болмаған кезде, оның орнына отырған адам үш айдан аспайтын мерзімге ғана отыра алады. Бірінші басшының лауазымына үміткер адам көбіне заңнаманы білуге арналған сертификаттаудан немесе конкурстық комиссиядан өте алмайды.

Егер мектеп басшыларын тағайындау ұзаққа созылатын болса, міндетін атқарушыны үш ай сайын ауыстырып отыруға тура келеді, ал шағын жинақталған мектептерде мұғалім саны аз болатынын ескерсек, үш тағайындалатын қызметкердің көп жағдайда сапасы сын көтермейтіні жасырын емес. Бұл жағдай да білім сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Сондықтан аталған бұйрықтың 7-тармағына төмендегідей өзгерісті енгізуді ұсынамын.

Кесте 7— Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығының 7-тармағы

НҚА тармағы	Қолданыстағы редакцияда	Ұсынылып отырған редакцияда	Күтілетін нәтиже
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы			
2-тарау, 7-тармақ	Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндеттерін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін үш айдан аспайтын мерзімге жүктеледі. Бір адам қатарынан бір реттен артық бос немесе уақытша бос лауазым міндетін атқара алмайды.	Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндеттерін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін 6 ай немесе 1 жылдан аспайтын мерзімге жүктеледі.	Басшы тағайындалғанға дейін лауазымдық орынның бос тұрмауына, кадрларды жиі ауыстырмауға ықпал етеді.
Ескертпе— кесте [24] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған			

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2009 жылғы 13 шілдедегі №338** «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының 48-тармағында *«педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі, басшының орынбасары лауазымында немесе орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында кемінде 2 жыл өтілі; делінсе, осы бұйрықтың орысшасында немесе деген сөз и (или) деп келтірілген яғни, басшы лауазымына тағайындау үшін соңғы екі жыл оқу ісінің меңгерушісі немесе ұйымдастырушы болып жасауы тиіс. Ал бұл өз кезегінде мектеп директоры болуға лайықты жастарды қоюға мүмкіндік бермейді.*

Оқу ісінің меңгерушісінің ол жұмысты қаламауы мүмкін немесе оны босатқан жағдайда ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептерде сағат жетпеуі мүмкін. Сол себепті оларды аталған лауазымнан босату мүмкіндігі жоқ. Сондықтан №338 бұйрықтың 48-тармағындағы *басшының орынбасары лауазымында* деген сөзді алып тастауды ұсынамын.

Төмендегі кестеде аталған бұйрықтың қолданыстағы редакциясы мен ұсынылып отырған редакция көрсетілген.

Кесте 8 — 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрықтың 48-тармағы;

НҚА тармағы	Қолданыстағы редакцияда	Ұсынылып отырған редакцияда	Күтілетін нәтиже
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы			
48-т	Біліктілікке қойылатын талаптар:	Біліктілікке қойылатын талаптар:	Басшы қызметіне

Кесте 8 жалғасы

48-т	жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі, басшының орынбасары лауазымында немесе орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында кемінде 2 жыл өтілі;	жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі	жастарды тағайындауға жол ашылады.
Ескертпе— кесте [25] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған			

Қазіргі уақытта Атырау облысында 29 жалпы орта білім беру ұйымы басшысының орны бос тұр. Төмендегі кестеде Атырау облысы бойынша білім беру ұйымдарының басшы вакансиялары көрсетілген.

Кесте 9 — Білім беру ұйымдары басшыларының вакансиясы

№	Қала, аудан	Мектеп саны	Басшы вакансиясы
1	Атырау қаласы	65	9
2	Жылыой ауданы	20	1
3	Индер ауданы	15	0
4	Исатай ауданы	15	5
5	Құрманғазы ауданы	33	5
6	Қызылқоға ауданы	19	3
7	Мақат ауданы	9	1
8	Махамбет ауданы	15	5
	Барлығы	191	29
Ескертпе — білім басқармасы ақпаратының негізінде автормен құрастырылған			

Келесі кезекте мұғалімдер арасында сауалнамаға қатысушылар білім сапасын жетілдіру үшін қажетті факторлардың бірі-материалдық техникалық база, оның ішінде сапалы оқулық деп есептейді. Жыл сайын білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйырығына сәйкес бекітілген тізбе бойынша оқулықтарға тапсырыс беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарау, 11-тармағында «Министрлік Тізбені жыл сайын 28 наурызға дейін бекітеді және оны білім беру ұйымдары мен баспалардың танысуы үшін Министрліктің сайтына орналастырады» делінген[26]. Одан кейін жергілікті атқарушы органдар баспаларға өтінім жібереді, баспалар өз кезегінде сұранысқа сәйкес оқулықтарды даярлайды,

ҚР «Білім туралы» заңының 6-бап, 2- тармағы 12-1) тармақшасына сәйкес, облыстың жергілікті атқарушы органы жыл сайын 1 тамызға дейін аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан, мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына оқу жылына білім беру органдары болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады. одан кейін жергілікті атқарушы органдар 1 тамызға дейін жеткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Алайда, жыл сайын министрлік тарапынан бұйрықтың кеш шығуы салдарынан оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерді сатып алу және оларды жеткізу жұмыстары кешеуілдейді.

Өңірлерге оқулықтарды тасымалдау барысында да Мемлекеттік сатып алу жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауынан, көлік ұйымдарымен келісімге келе алмау, тасымалдаушының өз міндеттемелерін дұрыс орындамауынан (тасымалдайтын көлігінің болмауынан, тасымал жұмысына салғырт қарауынан), баспалардың кеңселерінің қалада, ал оқулықтардың қала сыртындағы қоймада орналасуынан т.б. көптеген қиындықтар болатыны жасырын емес. Бұл өз кезегінде оқулықтардың өз кезегінде оқушыларға уақытында қолына тимеуіне әсерін тигізеді. Оқулықтардың сапасының да білім сапасына әсері зор екені белгілі. Оқулықтар ішіндегі қателер жыл сайын айтылып та жүр. Оны түзету жұмыстары жолға қойылып келеді.

Атырау облысында соңғы 5 жылда оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге бөлінген қаражат төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 10 — 2018-2023 жылдар аралығында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге бөлінген қаражат

Жылдар	Бөлінген қаражат (Млрд т)	Оқулыққа бөлінген қаржы	Тасымалға бөлінген қаржы (Млн т)
2018-2019	2 508,7	2 491,5	17,1
2019-2020	2 025,1	1 995,4	29,7
2020-2021	1 261, 1	1 244,5	16,6
2021-2022	1 667,2	1 647,5	19,6
2022-2023	1 667,2	1 647,0	20,1

Ескертпе — кесте облыстық білім беру басқармасының есебі негізінде автормен құрастырылған.

Аталған кестеден көріп тұрғанымыздай жыл сайын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге Атырау облысы бойынша млрд-таған қаржы бөлінеді. Соның ішінде 2018-2019 жылдары 2 508 мың теңге бөлінген. Бұл жылдары жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуге байланысты 3,6,8-сыныптың оқулықтары сатып алынды. Әр оқулықтың әр баспадан шығатынын ескерсек, сол жылы алынатын оқулықтар балама ретінде екі-үш баспадан қатар алынған. Сонымен бірге, сол жылы жаратылыстану пәндерін ағылшын тілін оқытуға

байланысты орта сыныптың математика, жаратылыстану, физика, биология пәндерінің ағылшынша оқулықтары сатып алынды. Алайда бұл жоба көпке бармағаны белгілі. **Мемлекеттік білім беру стандарты 2000-2017 жылдар аралығында 7 рет өзгеріске түскен. Әр өзгеріске түскен сайын оқулықтың мазмұны өзгеріп, оқулықтар қайта басылып шығады. Ол қыруар бюджет қаржысының жұмсалуына әкеліп соғады.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрландыру- сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы» деп атап көрсетіп, цифрлы технологияларды күнделікті өмірге ендірудің қаншалықты маңызды екендігін атап көрсетті.

Сондықтан, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды цифрлық сауаттылыққа дамытудың маңыздылығы зор. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қатар, электронды жеткізгіштер де оқу процесінде пайдаланылады. Оқулықтардың электронды нұсқасының жасалуының қолға алынуы осы бағыттағы жұмыстардың бірі болып отыр.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамуы дәуірінде цифрлық нұсқалар қағаз тасымалдаушыларды табиғи түрде ығыстыруда.

Электронды оқулықтар - жалпы білім беретін мектептерде қолданылып жүрген дәстүрлі оқулықтардың қағаз нұсқасына сәйкес келетін заманауи оқу құралы, цифрлы технология қарқынды дамып келе жатқан заманның жаңаша бір саласы. Электронды оқу құралы жеңілдігімен ерекшеленеді.

Біріншіден, электрондық оқулықтар өте жеңіл. Барлық оқулықтар смартфон немесе планшетке жинақталған. Мәселен, оқушы сөмкесінің ауырлығы туралы қанша айтылып жүр.

Екіншіден, электрондық оқулықтар оқу кеңістігін үлкейтеді. Онда көптеген аудио, бейне материалдар бар.

Үшіншіден, электрондық оқулықтар:-мұғаліммен жеңіл байланыстырады-өзін тексеруге арналған тапсырмаларды орындау мен оқу материалын табысты меңгеру. Демек, әлемнің кез келген жерінен өзіне ыңғайлы уақытта өзіне қажетті оқулыққа қолжеткізе алады.

Оны кез келген жерде планшетке жүктеп алуға болады. Бұл оқу құралының бұдан да өзге басымдықтары жетерлік. Атап айтсақ, кез келген жерде, кез келген құрылғы арқылы кіріп, пайдалануға ыңғайлы, берілген ақпаратты қабылдау мүмкіндігі жоғары, оқушы өздігінен оқып-үйрене алады.

Цифрлы оқулықтарды пайдалану арқылы оқушыларды оқыту, олардың өзіндік ізденісіне жол ашады, бір мезгілде бірнеше ақпарат алу мүмкіндігіне ие болады.

2022 жылы ҚР БЖҒМ №131, №216, №286 бұйрықтарымен 1-11 сынып оқушыларына арналған электрондық оқулықтар орналастырылған Topiq.kz электрондық оқулықтар Web-платформасы пайдалануға берілді. Қазір платформада «Алматыкітап», «Арман ПВ» и «Edu Stream» баспаларының қазақ және орыс тілдерінде 1-11 сыныптарға арналған 65 оқулығы орналастырылған.

Барлық баспалардың оқулықтарының болмауы баспалардың келісімінің болмауымен түсіндіріледі[27].

Электронды оқулықтарды пайдалану бюджет қаржысын үнемдейді. Сондықтан, Web-платформаға барлық баспаларды енгізіп, оның жылдық қызмет көрсетуін төлеп отырған жөн. Ал баспалар оның ішінде оқулықтың жаңартылуын қадағалап отырғаны дұрыс. Электронды оқулық қол жетімсіз жерге баламалы нұсқа ретінде қағаз оқулықты пайдалануға болады.

2012 жылдан бастап білім беру ұйымдары деректерді қағаз форматынан автоматтандырылған форматқа жинау бойынша бизнес-процеске көшті. "Ұлттық білім беру деректер қоры" (ҰБДҚ) ақпараттық жүйесі іске қосылды. Жүйені енгізу алдымен білім беру ұйымдарының жыл сайынғы жинақтау және есеп беру бойынша қағазбастылықты барынша азайтуды мақсат етті. Сондықтан жүйе тек күзде өзектендіру үшін "ашылды" және 2-3 ай ішінде деректерді жинау және өңдеу жүргізілді. Бұл кезеңде жүйені енгізу бірден әкімшілік есептілік нысандарының санын үш еседен астам қысқартуға мүмкіндік берді. Бұл деректерді өңдеп ақпараттық жүйеге салу мектептерде оқу ісінің меңгерушілеріне жүктелген. Кейбір мектептерде информатика пәні мұғалімі айналысатыны жасырын емес, тіпті кейбір мектептерде хатшыға жүктелген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» қаулысында «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының» ескертпесінің 2-тармағында *«Оқу процесіне электронды оқыту жүйесін енгізу кезінде немесе ақпараттық жүйені қолдану салалары бойынша мамандар даярлау кезінде білім алушылар санына қарамастан директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді»* делінген, алайда жалпы білім беретін мектептерде ол штат бірлігі қарастырылмаған. Аталған бөлімнің ескертпесінің 29-тармағында *«Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілердің, білім алушылардың) бейіндік оқыту мен тәрбиелеуге сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін үйірмелік, спорт, емдеу іс-шараларына қарай лауазымдардың (директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік талдаушы, сүйемелдеуші, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна жұмысшысы, музыкалық аспаптардың күйін келтіруші, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқалар) штат бірліктері қосымша белгіленеді»*.- делінген[28]. Сондықтан аталған тармаққа ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары лауазымын қосуды ұсынамын.

Атырау облысы бойынша 201 мектептің 191-і кең жолақты интернетке қосылған. Оның ішінде 191 мектеп интернетпен толық қамтылған. 2 мектеп түрме жанындағы (УГ-157-9, УГ-157-11) мекемесі интернетпен қамтамасыз етілмеген. 2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларының саны 141 228 мың оқушыны құрап, интернетпен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының

үлесі 95,2 % қамтиды. Қазіргі кезде 201 мектептің (оның ішінде 127 ауыл мектебі) интернетке қосылған, оның ішінде 119 мектеп (93, 7 %) интернет жылдамдығы 8 Мбит/с бастап 10 Мбит/с дейін жоғары жылдамдықпен қамтылған. 10 мектеп интернет жылдамдығы 4 Мбит/с төмен қамтылған Қызылқоға ауданындағы (Жамансор бастауыш мектебі, Тасқұдық бастауыш мектебі, Жанұзақов атындағы бастауыш мектебі, №75 бастауыш мектебі), Құрманғазы ауданында (Б.Момышұлы атындағы орта мектеп, Құрманғазы атындағы орта мектеп, Азғыр негізгі орта мектебі, Батырбек негізгі бастауыш мектебі, Қоңыртерек негізгі бастауыш мектебі, Ж. Нәжімеденов атындағы орта мектеп). Себептері: Қызылқоға, Құрманғазы аудандарындағы қыр бойында орналасқан мектептер аудан орталығынан шалғай орналасуына орай интернет тартудағы негізгі құнын өтемеуі басты себеп болып отыр.

Ауылдық елді мекендерді Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету мәселесін шешу басым болып табылады.

Респонденттердің 499-ы немесе 11%-ы оқу сапасын арттырудың бірден бір жолы мұғалімнің біліктілігіне байланысты екенін көрсеткенін атап өттік.

Атырау облысында 2022-2023 оқу жылындағы барлық педагогтер саны - 12422, оның ішіндегі зейнеткерлер саны – 279. Біліктілік санаты бар педагогтердің көрсеткіші 57% құрайды: педагог-модератор - 2054, педагог-сарапшы - 2578, педагог-зерттеуші - 2305, педагог-шеберлер – 162. Қарағанды облысымен салыстырғанда зерттеуші мен шебер саны екі есеге көп. (5- сурет). Алайда, бұл білім сапасына әсер етіп жатырған жоқ. Сондықтан педагог-шебер біліктігін беру талабын қатаңдатқан жөн деп есептейміз.


Кесте 11 — 2022-2023 оқу жылындағы Атырау облысы бойынша педагог қызметкерлер саны

№	Ауданы	Педагог саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
1	Атырау	5098	67	965	987	984	2095
2	Жылыой	1674	9	186	310	304	865
3	Индер	910	4	182	178	138	408
4	Исатай	737	8	120	186	119	304
5	Құрманғазы	1290	13	232	350	120	575
6	Қызылқоға	843	10	228	204	92	309
7	Мақат	655	12	116	154	123	250
8	Махамбет	650	3	169	136	106	236
9	Облыстық мектептер	565	36	107	73	68	281
	Барлығы	12422	162	2305	2578	2054	5323
Ескертпе — кесте облыстық білім басқармасының есебі негізінде автормен құрастырылды.							

Жоғары білікті педагог кадрлар өскелең ұрпақтың бойындағы өмірге деген ұмтылысты және нақты мақсатты, сапалы білімді, саналы тәрбиені, жақсы әдетті, пайдалы дағдыларды қалыптастыратын басты тұлға.

Сауалнамаға қатысушы респонденттердің 1601-і (32,5%-ы) білім саласын жетілдіруге жетелейтін фактор ретінде білім беру бағдарламаларының жетілдіруі деп есептейді. Одан кейінгі 1434-і немесе 31,6%-ы балаға жақсы тиімді мектеп құру деп есептейді. 919-ы инновациялық технологиялардың енгізілуі десе, 566-ы жалақының жоғарылауы, сертификациядан өту мүмкіндігі деп есептейді. Одан бөлек респонденттердің ұсыныстары ішінде «Әдістемелік көмек керек», «Оқушыға қойылатын талапты күшейту», «Ата-ана жауапкершілігін арттыру», «Оқу бағдарламасындағы бірізділік», «Пән бойынша курс өткізілсе» деген ұсыныстар білдірген.

Төмендегі суретте сауалнамаға қатысушылардың жауаптары көрсетілген.



9-сурет — Сұрақ «Білім саласын жетілдіруге жетелейтін фактор»
Ескертпе — [20]дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Қазіргі білім беру саласының басты талабы – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыру, оқыту үрдісін ұйымдастыруда жетекші рөлді алу.

«Сіздің ойыңызша оқыту үрдісін ұйымдастыруда жетекші рөл кімде?» деген сұраққа 3011-і немесе 66,3%-ы мұғалімде деп есептейді. Демек мұғалімдер өздеріне жүктелген талапты дұрыс түсінеді деген сөз.

Төмендегі суретте сауалнамаға қатысушылардың жауаптары көрсетілген.




10-сурет—Сұрақ «Сіздің ойыңызша оқыту үрдісін ұйымдастыруда жетекші рөл кімде?»

Ескертпе — [20]дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Сонымен қатар респонденттердің 2523-і немесе 55,5%-ы мұғалімнің жеке тұлғасы оқушының білім алуына тікелей әсері бар деп есептейді. Одан кейінгі 27,8%-ы немесе 1263-і оқушының танымдылық көзқарасына әсері бар деп есептейді.

Төмендегі суретте сауалнамаға қатысушылар мұғалімнің жеке тұлғасының оқушының білім алуына қандай әсері бар деген сұраққа жауап берген.




11 - сурет — Сұрақ «Мұғалімнің жеке тұлғасы оқушының білім алуына қандай әсері бар деп ойлайсыз?»

Ескертпе— [20]дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Бұрынғы оқушы мұғалімнің айтқанын тыңдап, бұлжытпай орындаушы ретінде ерекшеленетін, ал қазіргі оқушы- талапты, ізденімпаз жеке тұлға.

Әр мұғалім жеке тұлға ретінде оқушылармен жүргізетін жұмысында көздеген мақсатына жету үшін өзінің біліміне, біліктілігіне және жинақтаған тәжірибесіне жүгінеді. Осы орайда, «Сіздің тәжірибеңізде орныққан сабақты оқыту жолы» деген сұраққа респонденттердің 2056-сы немесе 45,2%-ы «Оқушыларға сенім білдіру, өзіндік жұмысқа көңіл бөлу» деп жауап берген. Одан кейін, көпшілігі «Шығармашалық іс-әрекет үшін жағдай жасау», «Оқытудың тәжірибеге бағыттылығы» деп жауап берген. Сонымен бірге, мұғалімдер «Оқушымен тығыз байланыста болу», «Психологиялық атмосфера құру», «Оқу мақсаттарына білім алушыларды қызықтыратындай жаңа технологияларды қолдана отырып жету», «Заманауи білім беру үшін білім беретін құрал соған лайықты болуы қажет. Сонда ғана білім сапасына талап қоюға болады» деген сияқты өз пікірлерін де білдіре кеткен. Төмендегі суретте сауалнамаға қатысушылардың жауаптары көрсетілген.



12 - сурет — Сұрақ «Сіздің тәжірибеңізде орныққан сабақты оқыту жолы?»
Ескертпе — [20]дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Өңірдегі білім саласындағы пробеламалардың бірі- кадр жетіспеушілігі мәселесі. Соңғы 5 жылда жергілікті жерде педагог кадрлар жетіспеушілігін жою мақсатында жергілікті бюджеттен жергілікті білім беру гранты немесе облыс әкімінің гранты бөлініп келді. Бөлінген гранттар орыс мектептеріндегі физика, химия, биология, информатика және орыс сыныптарының бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуға жұмсалды. Қазіргі таңда педагог мамандықтары бойынша 433 студент оқуда. Жергілікті білім беру грантымен оқушылардың алғашқы легі былтырға оқу жылынан бастап, облыс мектептеріне жұмысқа орналасты.

2022 жылы Маңғыстау және Атырау облыстарына 10 000 мақсатты гранттар бөлінді, оның ішінде педагогикалық мамандықтарға 2200 грант бөлінді. Бүгінде облыста педагог кадрлар тапшылығы 496 мұғалімді құрады. 2022-2023 оқу жылында Атырау қаласында-278, Жылыой ауданында-53, Индер ауданында-15, Исатай ауданында-21, Қызылқоға ауданында-7, Құрманғазы ауданында-29, Мақат ауданында-13, Махамбет ауданында-17, облыстық мектептерде-63 педагог жұмысқа қабылданды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы –тәуелсіздік кепілі» атты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» қаулысы бекітілген болатын[29].

Аталған арнаулы бағдарламаның конкурс нәтижелері бойынша Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарынан Атырау қаласындағы мектептерге 9 мұғалім тарих, бастауыш сынып, математика, физика пәні бойынша жұмысқа орналасты.

Қазіргі таңда облыстағы білім беру ұйымдарына орыс сыныптарындағы бастауыш сынып мұғалімдеріне -30, математика пәні мұғалімдеріне (орыс сыныптарына) -5 қажеттілік бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы бекітілген болатын[30].

Аталған бұйрыққа сәйкес жұмысқа алғаш қабылданған мұғалімдердің де «педагог» мәртебесін алу үшін тест тапсыруы міндеттелді. Бұл жоба 2021 жылғы пилоттық түрде жүзеге асырылды. Нәтижесінде тест тапсырған түлектердің 46 пайызы ғана қажетті балл жинай алған. Бұл – тест тапсырған 32 мың түлектің 15 мыңы ғана

Облыс көлеміндегі мектептердегі педагог кадрлардың басым көпшілігі жергілікті педагогикалық кадрлар даярлайтын колледждер мен жоғарғы оқу орындарының түлектері екенін ескерсек, жергілікті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің түлектерінің 90%-ы осы біліктілік тестісін тапсыра алмаған.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Финляндияда педагогикалық факультеттердің көпшілігінде мектептің толық бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын, студенттер алғашқы педагогикалық практикадан өтетін факультет қамқорлығына алған орта оқу орындары бар. Мұндай ұйымдық құрылым мектептің күнделікті шынайы өмірі мен студенттердің оқу бағдарламасының мазмұны арасында тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар факультеттерге өз бағдарламасын мектепте жасаған бақылауларды ескеріп бейімдеуге қосымша мүмкіндік береді.

Америка құрама штатындағы Мичиган мемлекеттік университеті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бір жылдық педагогикалық практиканы мектепте өтуін ұйымдастырады. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдерге өз кәсібіне сапалы дайындалуды іске асыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары мен мектептердің практика мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастығын жолға қоюды ұсынамын.

Жоғарыда аталған №83 бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымындағы педагогтардың біліктілік санаттары беріледі немесе расталады. Алайда, мұғалімдердің көбінің тест тапсыра алмай қалатыны, жасы ұлғайған мұғалімдердің де тест тапсыруға келгенде қиналатыны жасырын емес. Аталған бұйрықтың орысшасында *«профиль бойынша педагогикалық стажы 30 және одан да жоғары еңбек өтілі бар педагогтардың ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді»*. – делінген[30].

Алайда жоғарыда аталған бұйрықтың 124-тармағының мемлекеттік және орыс тілдерінде тең түпнұсқалығы сақталмаған, орыс тілінде нұсқасындағы *30 жыл және одан жоғары педагогикалық еңбек өтілі бар деген сөздің қазақша аудармасы жоқ*. Екі нұсқаның екі түрлі болуы мұғалімдер арасында түсінбеушілік тудыруда. Сондықтан, аталған бұйрықтың қазақшасына өзгеріс

енгізуді ұсынамын. Төмендегі кестеде аталған бұйрықтың орысша және қазақша нұсқалары берілген.

Кесте 12 — 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрықтың 124- тармағы

83 бұйрық	83 приказ
124. Ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді. "Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.	124. Педагоги, имеющие 30 и более лет педагогического стажа по профилю, а также имеющие "первую", "высшую" категории по старой системе, при переходе на квалификационную категорию "педагог-модератор" освобождаются от сдачи ОЗП и проходят комплексное обобщение результатов деятельности. При получении квалификационной категории "педагог-эксперт", "педагог-исследователь", "педагог-мастер" проходят на общих основаниях.
Ескертпе — кесте [30] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған	

2021 жылы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ қолдауымен «Атырау облысында білім беруді дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы» жобасы жүзеге асты.

Жоба нәтижесінде білім сапасының төмен болу себептері анықталды:

- Педагогтердің, сонымен қатар оқушылардың да функционалдық сауаттылығының төмендігі.

- Бастауыш мектеп (1-4) пен жоғары (5-11) арасындағы айырмашылықтың жоғары болуы.

- Математика, геометрия, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндерінің төмен көрсеткіштерінің бүкіл оқу барысында сақталуы.

- Педагогикалық кадрлардың ЖОО дағы дайындығы, біліктілік арттыру деңгейінің төмендігі.

- Оқу процесін ұйымдастыру: оқыту әдістері, сабақты жоспарлау, бірлескен жұмыстың әлсіздігі.

- Бағалау жүйесі: критериалдық бағалау, тапсырмалар құрастыру, баға қоюдағы асыра сілтеудің кездесуі.

- Оқушылардың деректерін талдау: ағымдағы бағалау, қорытынды аттестация, ҰБТ, мониторингтердің жеткіліксіздігі, формалдылық.

- Оқуға арналған жағдайлар: орын жетіспеушілігі, мектептердің инфрақұрылымы, қосымша білім беру сапасының төмендігі.

- Оқушылардың әл-ауқаты: эмоционалдық-психологиялық жағдай, мектеп пен отбасындағы жағдайдың (климат) талапқа сай болмауы.

- Пән олимпиадалары, ғылыми жобалар, робототехника бойынша 2020-2021 о.ж. бастап көрсеткіштер деңгейінің түсуі.

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің 40%-ының орта арнаулы білімді болуы (жоғары білім алмаған).

- Мұғалімдердің 84%-ның нашар оқитын оқушылармен жұмыс жасау дағдылары жетілмеген (80%-ы сабақ жоспарларын жас ерекшелігіне қарай құра алмайды. 83%-н ерекше білім алушыларға арналған сабақ жоспарын құру дағдылары төмен).

- Әрбір үшінші мұғалім әртүрлі сыныптар мен жас ерекшелігі әртүрлі сыныптармен жұмысқа аз араласады, интеграцияланған сабақтарды аз өткізеді. Жаңалыққа құштар емес.

- Жоғары сыныпқа келгенде бастауыш сыныптан келген оқушының білім сапасының тым төмендеуі, яғни бағаны асыра қоюдың дағдыға айналуы.

- Мұғалімдердің 79%-ы критериалдық бағалау бойынша біліктілік арттыруға, 81%-ы тапсырмалар құрастыру бойынша тәжірибе жинақтауға мұқтаж.

- Магистр дәрежесі бар мамандардың ішінде ҰБТ қорытындысына математиктердің әсері қалыпты, ал тарихшылардың әсерінің мүлдем жоқтығы.

- Қазақстан тарихы пәні бойынша категориялы мұғалімдердің ҰБТ қорытындысының төмендігі.

- Мектеп директорларының оқушылардың психологиялық және эмоционалдық жағдайына жеткілікті мән бермеуі (көрсеткіш 4% ғана. Яғни директорлардың оқушылармен арадағы қарым-қатынасы жоқ).

Проблема түсінікті болғанымен, мектептерде жұмыс істейтін педагогтердің алдының 40, соңының 5 жыл еңбек өтілінің барлығын ескерсек, нәтижесі төмен, жұмысқа енжар мамандарды жұмыстан босатып жіберуге құқықтық негіз жоқ. Әр педагогтің қоғам алдындағы міндетті, мемлекеттік білім беру стандартын орындауға жауапкершілігі керек. Жол картасы әлі жүзеге асуда.

Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының арасында өткізілген сауалнамадағы Сіздің көзқарасыңыз бойынша "Жаңа буын мектебі" қандай болуы керек? (өз ойыңызды жаза кетсеңіз) деген сұраққа басым көпшілігі

«Материалдық базасы толық жабдықталған»,

-«Педагог жауапкершілігі жоғары қойылған»,

-«Креативті ойлай білетін шәкірт тәрбиелеу»,

-«Жас креативті, өзгерістер мен жаңашылдыққа бейім білікті мамандармен қамтылған ұжым»,

-«Здания, подготовка учителей, подход к работе, программа обучения, оценивание- все надо менять. Дать возможность учителям выбирать свой стиль работы», «Самое главное, чтобы все участники образовательного процесса учились, работали в одну смену. Пусть лучше с утра до 15.00. Трудно учиться во вторую смену. Пусть будет много разных школ. Школа сейчас должна быть местом инновационным во всех смыслах: дизайн, безопасность, цифровые технологии, благоустроенная территория, много места для здоровьесберегающих технологий, ультрасовременные лаборатории, места для отдыха, качественное питание, одним словом, чтобы туда всегда хотелось идти учиться и работать»,

- «Оснащенная полностью в соответствии законом. Так как по договору с родителями школа нарушает некоторые пункты. Например, нет возможности

обеспечить учеников шкафчики, а у детей вещи теряются. Нет панели, мебели, планшетов для обучения. 2. Убрать с подушевого финансирования все виды услуг и дать возможность выделить деньги для поощрения учеников и педагогов. 3. Поднять зарплату директорам школы. Хорошие учителя не идут на данную должность, так как зарплата в три раза меньше. Например, моя зарплата 280 тыс с 8 часами как предметник. А работа колоссальная. 4. Проводить качественные подготовки учителей, то есть курсы. На курсах педагоги не получают знания по цифровой трансформации, так как преподают простые учителя других школ. Нужны хорошие тренеры, которые обучались за границей, в государствах где сильное образование»,

-«Жаһандану заманында өз тілін, салт-дәстүрін жоғалтып алмай, жаңа ғасыр бәсекесіне түсе алатын, «өзгермелі өмірге икемді» бала оқытып, тәрбиелеу» -деп жауап берген [31].

Білім сапасын арттыруда педагогтердің кәсіби біліктілігін артыру аса маңызды мәселе. Қай кезде де бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес.

Соңғы 10 жылды мысалға алсақ 2012-2015 жылдар аралығында – 2091 педагог (20% ғана) біліктілік арттыру курстарынан өткен болса, 2022 жылы облыс педагогтері 100% курспен қамтылды.

2012-2022 жылдардағы біліктілік арттыру курстары Кембридж бағдарламасы бойынша жаңартылған білім беру мазмұны аясында, деңгейлік оқыту тақырыптарында ұйымдастырылды. Бұл курстар мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін арттыруға бағытталды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен биылғы оқу жылынан бастап мұғалімдердің теориялық білімін арттыруға бағытталған курстар басталды. Заман талабына сәйкес керегі де осы. Теориясы мықты мұғалімнің сапалық көрсеткіші де жоғары болары сөзсіз. Алайда қол жететін нәтиже бір немесе екі жылдың еншісіндегі жұмыс емес екендігі белгілі.

Тереңдетілген сұқбатқа қатысушылар да теориялық білімнің жоғары болуы мұғалімнің басты көрсеткіші, білім сапасының жоғарылауының бірден бір себебі екенін атап көрсетті.

Атырау облысы білім беру басқармасы басшысының орынбасары Биманова Орынтай Молдашқызының тереңдетілген сұқбатында: «Курстардың өту мерзімі менің ойымша үш жыл емес, бес жыл болу керек, себебі, үш жылда біліктілік арттыру орындарымен бұл мамандардың барлығын қамтып болу мүмкін емес, үш жылдың ішінде олар түгел қамтылмайды. Біреулері мүлдем бармай да қалуы мүмкін. Сонымен қатар облыстағы білім сапасының төмен болуы мұғалімдер тарапынан жауапкершіліктің және теориялық білімнің төмендігі деп ойлаймын» - деп жауап берген[қосымша б].

Сонымен қатар жобалық жұмысты жазу барысында білім саласы бойынша халықтың пірікірін, журналистердің көзқарасын білу мақсатында білім саласы бойынша Қазақстанның аналитикалық интернет порталдарында соңғы жылдары жарияланған мақалаларға зерделеу жүргізілді.

Қазақ және орыс тіліндегі БАҚ құралдарының 2022-2023 жылы жарияланған жариялымдары зерделенді. Зерделеу барысында қазақ тіліндегі

5 портал (Ult.kz, Qamshy.kz, Qazaquny.kz, Zhasalash.kz, Abai.kz), орыс тіліндегі 5 портал (Vlast.kz, 365info.kz, Baigenews.kz, Time.kz Forbes.kz) зерделенді. Төмендегі кестеде БАҚ-та жарияланған жарияланымдар саны берілген.

Кесте 13 — Қазақ және орыс тіліндегі БАҚ құралдарының 2022-2023 жылы жарияланған жариялымдары саны

№	Портал атауы	Жарияланған мақала саны	Қаралым саны	Ең көп қаралым саны
1	Ult.kz	18	6924	685
2	Qamshy.kz	33	135135	22895
3	Abai.kz-	13	7288	2665
4	Qazaquny.kz - 10	10	13718	4218
5	Zhasalash.kz	15	25733	3240
6	Vlast.kz	15	48780	7517
7	365info.kz	14	37592	31443
8	Baigenews.kz	35	184012	43266
9	Time.kz	11	46426	21187
10	Forbes.kz	11	359065	160131

Ескертпе — кесте [32] дерекөзі негізінде автормен құрастырылған.

Зерделеу барысында қазақ тілді порталдардың ішінде білім саласына көп қалап тербегені **Qamshy.kz** порталы болса, орыс тілді порталдардың ішінде **Baigenews.kz**-35 порталы болды. Оның ішінде қазақ тілдегі порталдардан ең көп қаралым жинағаны **Qamshy.kz** порталындағы «Педагогтардың деңгейі қте төмен. Білім миинстрі біліктілікті арттыруға тапсырма берді»- 22895. **Abai.kz** порталындағы «Білім министріне Ашық хат! (Көркем еңбек пәні мұғалімдері)»- 19477 болса, орыс тіліндегі порталдардан ең көп қаралым жиағаны - **BAIGENEWS.KZ** порталындағы «Сокращение школьных каникул в Казахстане: плюсы и минусы»-43266, **365info.kz** порталындағы «Казахстан оказался последним в рейтинге стран для воспитания детей — ответ Аймагамбетова» - **31443**, **Time.kz** порталындағы «Экзамен для учителя» – 21187 жариялымдары. **Forbes.kz** порталындағы «Топ-20 частных школ Нур-Султана и Алматы по доходам» -160131. Кестеге қарағанда қазақ тілді порталдардың білім саласы туралы көп жазатыны, орыс тілді порталдардың аз жазатыны байқалса да, орыс тіліндегі жариялымдардың көп қаралым жинайтыны белгілі болды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарын соңғы үш жылдағы (2020-2022 жылдардағы) депутаттық сауалдарына да талдау жүргізілді. Барлығы 12 депутаттық сауал жолданған. Депутаттар тарапынан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, дарынды балаларды қолдау оқушыларға әлеуметтік көмек мәселелері, мектептегі қауіпсіздік, мектеп салу туралы, кейбір пәндердің қысқаруы туралы мәселелер көтерілген[33].

Қорыта келгенде білім сапасын көтеру тек қана мектеп басшысының немесе педагог кадрлардың жұмысы ғана емес, бұл мемлекет тарапынан жүйелі жұмыс жүргізу. Қазіргі білім жүйесінің мақсаты -өзіндік ой талғамы бар, жан

жақты, адамгершілігі жоғары шәкірт тәрбиелеу. Сонда ғана сапалы білім, саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады.

Қорытынды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы 29 наурызды VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет» деп атап көрсетті.

Магистрлік жобаның да басты мақсаты осы орта білім саласында сапаны арттыру мәселесін жолға қоюдағы атқарылған және жоспарланған жұмыстарды бағамдау болды.

Қазақстан Республикасында, оның ішінде Атырау облысында орта білім саласында атқарылған іс-шараларға талдау жүргізу негізінде білім саласындағы саясатты жетілдіру басты мақсат болды. Осы мақсат үрдісіне шығу мақсатында Қазақстан Республикасы мен алыс, жақын шетелдердегі білім саласының озық үлгілері сарапталып, олардағы ортақ жұмыстар мен нәтижелі жұмыс үлгілеріне көңіл бөлінді. Болашақта өзара бірлесіп жүзеге асырылуға тиіс шаралардың әлеуеті айтылды.

Магистрлік жобаның зерттеу қорытындысы бойынша білім саласы бойынша жүргізілген реформаларға мұғалімдер мен мектеп басшыларының, ата-аналардың оң көзқараста екені анықталды. Зерттеулердің нәтижесінде қажетті ақпараттармен педагог кадрлардың жұмысын жетілдіру мүмкіндіктері айқындалды. Нормативтік құқықтық құжаттарға өзгеріс енгізу ұсынысы айтылды.

Қазіргі жергілікті және орталық атқарушы органдардағы іске асып жатырған білім саласына қатысты барлық бағдарлама, нормативтік құқықтық актілер, заңдылықтар, жоспарлар мен іс-шараларды зерделей келе төмендегідей істерді жүйелеп енгізу ұсынылады.

1. Жеке тұрғын үй салушы құрылыс компанияларына қала аумағынан тұрғын үй мөлтек ауданын салған кезде балабақша мен мектепті де қоса салуды ұсыну;

2. Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 7-тармағын *Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндеттерін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін 6 ай немесе 1 жылдан аспайтын мерзімге жүктеледі,-* деп өзгертуге ұсыныс беру;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2009 жылғы 13 шілдедегі №338** «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының 48-тармағында *басшының орынбасары лауазымында* деген сөзді алып тастау;

4. Электронды оқулықтар Web-платформасына барлық баспаларды енгізіп, жергілікті атқарушы органдар жылдық қызмет көрсету ақысын төлеп отыруды, ал баспалардың оның ішіндегі оқулықтың мазмұнының жаңартылуын қадағалап отыру;

5. PISA халықаралық қорытындысы бойынша алдыңғы қатарлы нәтиже көрсеткен Қарағанды облысымен ынтымақтастық меморандумын жасақтау, тәжірибе алмасуды жолға қою;

6. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетімен орта мектептердің практика мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастығын жолға қоюды ұсынамын.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

- 1 Жумагазиева А.Ғ. «Атырау облысында орта білім сапасын арттыру: проблемалар және оны шешу жолдары» // «Молодой ученый журналы» // 12.12 2022 ж. // <https://moluch.ru/archive/444/97518/> Жүгінген күні: 20.05.2023 ж.
- 2 «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. - URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2 Жүгінген күні: 19.05.2023 ж.
- 3 Э.Ғ.к. профессор. Е.Арын. «Орысша-қазақша түсіндірме сөздік». Педагогика/ Жалпы редакциясын басқарған «ЭКО» ҒӨФ. 2006.-482 б.;
- 4 Анисимов П.Ф., Сосоноко В.Е. «Управление качеством профессионального образования»./ -Казань: ИЧПО РАО, 2001.-256 б.;
- 5 Субетто А.И. // Качество образования в России: состояние, тенденции, перспективы.-СПб.,-М.:1999.-67 с.;
- 6 Поташник М.М. «Управление современной школы. Пособие для директора школы»/ Новая школа.1992.-352 с; Проектирование систем внутришкольного управления./ Под ред Моисеева А.М.-М.: Педагогическое общество России, 2001.-305 с.;
- 7 Құсайынов А.Қ. «Орта білім берудің сапалық іргетасы» // «Егемен Қазақстан» газеті. 2017.-№74-18 сәуір- 2 бет;
- 8 Өміртаева Р. «Білім -оқулық сапасына тәуелді». // Қазақстан әйелдері. 2008 -№10-ISSN 0234-3599
.
- 9 «Замануи мектептегі білім сапасын басқару=Управление качеством образования в современной школе: әдістемелік құрал» // ...-Астана: {б.ж}, 2014.-82б.
- 10 Пискунова Е. В. «Подготовка учителя к обеспечению современного качества образования для всех: опыт России: Рекомендации по результатам научных исследований» // Под ред. акад. Г. А. Бордовского. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. – Б. 12–13.
- 11 А. Құсайынов. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» / Алматы : [б. ж.], 2013. - 194, [1] б. . . – 1000 дана – 978-601-06-2338-5 (мұқ.).Жүгінген күні: 20.05.2023 ж
- 12 Финляндия // URL: <https://tonkosti.ru/> сайты. «TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал» // Астана, 2012 ж. ҰББСБО.-77 б: Жүгінген күні 12.12 2022 ж.
- 13 «Фин мектебінің құпиясы: неғұрлым аз оқысаң, соғұрлым көп білесің» // «el.kz» интернет порталы - https://el.kz/fin_mektebini_-piyasy_-ne-rlym_az_o-ysa_-so-rlym_k-p_bilesi-22184/i -, 23.01.2015 ж. Жүгінген күні:20.12 2022 ж.
- 14 Құсайынов А Қ. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» / Алматы : [б. ж.], 2013. - 194, [1] б. . . – 1000 дана – 978-601-06-2338-5 (мұқ.)
- 15 Құсайынов А.К. «Білім сапасын құраушылар: монография». / Алматы, 2015 г. / 8 б.

16 Орталық Азия Аналитикалық журналистика бюросы (CABAR.asia). // URL: <https://cabar.asia/ru/author/admin>. Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

17 «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы 2018 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық баяндама» // Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ақпараттық-талдамалық орталығы» АҚ// Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

18 Аман -Сұлтан цифрлық білім беру порталы.- URL: <https://amansultan.kz/> Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

19 Samgau Dijital цифрлық платформасы <https://kaz.learningpassport.org/> Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

20 «Мұғалімдерге арналған сауалнама» // Google. – https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfxIfnjPmGbm1i75tFePQ5YcCTLHwgO4jNYBa0A04w2xwS0tw/viewform?usp=sf_link; Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

21 Экономикалық зерттеулер институты порталы// <https://economy.kz/kz/Institut> Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

22 Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT103899>. Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

23 «Ата-аналарға арналған сауалнама» // Google. – https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfdqgEHEmJeCW9QMbW7iI5dCxOLxIh0TCWrUBgJBtlwGz03Q/viewform?usp=sf_link; Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

24 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы // «Әділет».- ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495//> Жүгінген күні:23.03.2023 ж.

25 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы// Әділет». - ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750> . Жүгінген күні: 23.03.2023 ж.

26 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығы// Әділет». - ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013288> Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

27 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы// Әділет». - ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>. Жүгінген күні: 23.03.2023 ж.

28 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту

туралы» қаулысы // Әділет». - ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>. Жүгінген күні: 23.03.2023 ж.

29 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» қаулысы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000765>. Жүгінген күні: 23.03.2023 ж.

30 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы// Әділет». - ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>. Жүгінген күні: 23.03.2023 ж.

31 «Директорларға арналған сауалнама» // Google. – https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSd1FbvOOImc4yYVCJWYTXrCtNK0CE0DZrcQQsqFklrC2yzBdQ/viewform?usp=sf_link; Жүгінген күні: 21.05.2023 ж.

32 «Білім сапасын арттыру басты мақсат». Дархан Сатыбалды. 04.11.2022 ж// ULТ.kz сайты. – URL: <https://ult.kz/post/darkhan-satybaldy-bilim-sapasyn-arttyru-basty-maksat>. Жүгінген күні: 17.01.2023 ж.

33 Депуттық сауалдар. Ауыл мектептерінің білім деңгейін көтеру туралы. 12.05.2023 // <https://www.parlam.kz/kk/mazhilis/deputy-questions> Жүгінген күні: 23.05.2023 ж.

Қосымша 1

Мұғалімдерге арналған сауалнама / Анкета для учителей

Құрметті респондент! Бұл сауалнама Қазақстан Республикасында білім саласын дамытудың жалпы үрдістерін айқындау мақсатында құрылған. Сауалнаманы толтыру 3 минуттан аспайды. Сіздің жауаптарыңыз құпия және жасырын тек осы зерттеу аясында пайдаланылады./ Уважаемый респондент! Данный опрос создан с целью определения общих тенденций развития образования в Республике Казахстан. Заполнение анкеты займет не более 3 минут. Ваши ответы конфиденциальны и анонимны и будут использованы только в рамках данного исследования.

1 Еңбек өтіліңіз: / Стаж работы:

- А) 1-5 жыл / 1-5 лет
- В) 5 -10 жыл / 5-10 лет
- С) 10- 20 жыл – 10-20 лет
- Д) 20-30 жыл – 20-30 лет
- Е) 30 жылдан жоғары / Больше 30 лет

2 Біліктілік санатыңыз / Ваша квалификационная категория

- А) Педагог / Педагог
- В) Педагог –модератор / Педагог-модератор
- С) Педагог- сарапшы / Педагог-эксперт
- Д) Педагог- зерттеуші / Педагог-исследователь
- Е) Педагог -шебер / Педагог-мастер

3. Қазіргі білім саласында жүргізіліп жатырған реформаларға көңіліңіз тола ма? / Удовлетворены ли вы реформами, проводимыми в сфере образования?

- А) Ия, толықтай / Да, полностью
- В) Жоқ, мүлдем толмайды / Нет, я совсем не доволен(а)
- С) Кейбір бағыттағы жұмыстар риза боларлық / Работа в некоторых направлениях удовлетворительна
- Д) Барлығы да тиімді емес / Не все эффективно
- Е) Басқа / Другое _____

4. Білім саласын жетілдіруге жетелейтін факторды көрсетіңіз: / Укажите фактор, ведущий к совершенствованию сферы образования:

- А) Балаға жақсы, тиімді мектеп құру / Создание хорошей, эффективной школы для ребенка
- В) Жалақының жоғарылауы, сертификаттаудан өту мүмкіндігі және т.б. / Повышение заработной платы, возможность пройти сертификацию и т. д.
- С) Білім беру бағдарламаларының жетілдірілуі / Совершенствование образовательных программ
- Д) Инновациялық технологиялардың енгізілуі / Внедрение инновационных технологий

- Д) Басқа/ Другое_____.
5. **Білім сапасын жетілдіру үшін қажетті факторлар / Факторы, необходимые для улучшения качества образования**
- А) Сапалы оқулықтар / Качественные учебники
- В) Кәсіби білікті мұғалім / Профессионально - квалифицированный учитель
- С) Мектептің материалдық - техникалық базасы / Материально-техническая база школы
- Д) Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы / Все перечисленное
- Е) Басқа/ Другое _____
6. **Сіздің тәжірибенізде орныққан сабақты оқыту жолы / Ваш метод преподавания, закрепленный в вашей практике**
- А) Психологиялық атмосфера құру / Создание психологической атмосферы
- В) Шығармашылық іс- әрекет үшін жағдай ұйымдастыру / Организация условий для творческой деятельности
- С) Оқытудың тәжірибеге бағыттылығы / Практико-ориентированность обучения
- Д) Оқушыларға сенім білдіру, өзіндік жұмысқа көп көңіл бөлу / Доверять ученикам, уделять больше внимания самостоятельной работе
- Е) Басқа/ Другое_____
7. **Сіздің ойыңызша оқыту үрдісін ұйымдастыруда жетекші рөл кімде? / По Вашему мнению кому отводится ведущая роль в организации учебного процесса?**
- А) Ата- анада / Родители
- В) Мұғалімде / Учителя
- С) Сыныптың оқуын зерттеуші мұғалімде / Учитель-исследователь, который исследует обучение в классе
- Д) Оқушылар / Ученики
- Е) Басқа/ Другое_____
8. **Мұғалімнің жеке тұлғасы оқушының білім алуына қандай әсер деп ойлайсыз? / Как вы думаете, какое влияние личность учителя оказывает на образование ученика?**
- А) Аздап әсері бар / Имеет небольшое влияние
- В) Оқушының білім алуына тікелей әсері бар / Имеет прямое влияние на образование учащегося
- С) Оқушының танымдылық көзқарасына әсері бар / Оказывает влияние на познавательную способность учащегося
- Д) Тікелей әсері жоқ / Нет прямого влияния
- Е) Әсері жоқ / Нет влияния
9. **Өз тәжірибенізді жетілдіруге жетелейтін факторды көрсетіңіз? / Укажите фактор, который приведет Вас к совершенствованию вашего опыта?**

- А) Қол жеткізілген нәтижелердің жеткіліксіздігі туралы хабардар болу және оларды жақсартуға ұмтылу / Осознание недостаточного количества достигнутых результатов и стремление к их улучшению
- В) Жоғары деңгейдегі кәсібилікке ұмтылу, жоғары нәтижеге деген қажеттілік / Стремление к профессионализму высокого уровня, потребность в высоких результатах
- С) Көшбасшылық қасиеттерден туындайтын ішкі қажеттілік / Внутренняя потребность, возникающая от лидерских качеств
- Д) Материалдық себептер, жалақының жоғарылауы т.б / Материальные причины, повышение заработной платы и т. д
- Е) Жаңалыққа ілесудің, өзгерудің қажеттілігін сезіну / Чувство необходимости меняться

10. Сізді зерттеу топтарында, қауымдастықтарда жұмыс жасауға не ынталандырады? / Что мотивирует Вас работать в исследовательских группах, сообществах?

- А) Қызықты, шығармашыл адамдармен байланыс жасау / Общение с интересными, творческими людьми
- В) Іздеу, зерттеу заңдылықтарын жақсы түсіну қажеттілігі / Необходимость лучшего понимания закономерностей поиска, исследования
- С) Өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі / Возможность самовыражения, самосовершенствования
- Д) Өзінің инновациялық процестерге қатысуға дайындығын сезіну, өзіне деген сенімділік / Чувство готовности участвовать в инновационных процессах, уверенность в себе
- Е) Инновациялар туралы білімді іс жүзінде тексеру / Проверить знания об инновациях на практике.

Қосымша 2

Мектеп директорларына арналған сауалнама / Опрос директоров школ

Құрметті респондент! Бұл сауалнама Қазақстан Республикасында білім саласын дамытудың жалпы үрдістерін айқындау мақсатында құрылған. Сауалнаманы толтыру 3 минуттан аспайды. Сіздің жауаптарыңыз құпия және жасырын тек осы зерттеу аясында пайдаланылады./ Уважаемый респондент! Данный опрос создан с целью определения общих тенденций развития образования в Республике Казахстан. Заполнение анкеты займет не более 3 минут. Ваши ответы конфиденциальны и анонимны и будут использованы только в рамках данного исследования.

1. Жалпы еңбек өтіліңіз: / Общий стаж работы:

- А) 1-5 жыл / 1-5 лет
- В) 5 -10 жыл / 5-10 лет
- С) 10- 20 жыл / 10-20 лет
- Д) 20-30 жыл / 20-30 лет
- Е) 30 жылдан жоғары / Больше 30 лет

2. Осы лауазымдағы еңбек өтіліңіз / Стаж работы на этой должности

- А) 1-5 жыл / 1-5 лет
- В) 5 -10 жыл / 5-10 лет
- С) 10- 20 жыл / 10-20 лет
- Д) 20-30 жыл / 20-30 лет
- Е) 30 жылдан жоғары / Больше 30 лет

3. Сіздің мектебіңіздің орналасқан жері / Местонахождение вашей школы

- А) Қала / Город
- В) Ауыл / Село

4. Сіздің мектебіңіздің түрі: / Тип вашей школы:

- А) Шағын жинақталған мектеп / Малокомплектная школа
- В) Жалпы білім беретін негізгі мектеп / Основная общеобразовательная школа
- С) Жалпы білім беретін орта мектеп /Средняя общеобразовательная школа
- Д) Бөлек пәндерді тереңдетіп оқытатын мектеп (профилін көрсетіңіз) / Школа с углубленным изучением отдельных предметов (укажите профиль)_____
- С) Лицей / Лицей
- Д) Гимназия / Гимназия
- Е) Басқасы (аталуын жазыңыз) / Другое (напишите название)

5. Қазіргі білім саласында жүргізіліп жатырған реформаларға көңіліңіз тола ма? / Удовлетворены ли Вы реформами, проводимыми в сфере образования?

- А) Ия, толықтай / Да, полностью
- В) Жок, мүлдем толмайды / Нет, не доволен(а)

С) Кейбір бағыттағы жұмыстар риза боларлық / Работа в некоторых направлениях удовлетворительна

Д) Барлығы да тиімді емес / Не все эффективно

Е) Басқа / Другое _____

6. Сіздің мектебіңіздің мұғалімдерінің жалпы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудағы теориялық және тәжірибелік дайындығы қандай деңгейде? / На каком уровне находится теоретическая и практическая готовность учителей вашей школы в осуществлении общепедагогической деятельности?

А) Жоғары / Высоко

В) Жақсы / Хорошо

С) Қанағаттанарлық / Удовлетворительно

Д) Өз ойым / Свое мнение _____

7. Сіздің мектебіңізде LS сабақты зерттеу, AR іс-әрекеттегі зерттеулерінің жүзеге асуы қандай деңгейде? / На каком уровне в вашей школе находится изучение уроков LS, реализация исследований AR в действии?

А) Жоғары / Высоко

В) Жақсы / Хорошо

С) Қанағаттанарлық / Удовлетворительно

Д) Өз ойым / Свое мнение _____

8. Мектепті дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін мектептің миссиясы шынайы әрі қолжетімді анықталған деп есептейсіз бе? / Считаете ли Вы, что миссия школы четко и доступно определена для реализации приоритетных направлений развития школы?

А) Ия, толықтай келісемін / Да полностью согласен(на)

В) Жоқ, әлі де жетілдіруді қажет етеді / Нет, все еще нуждается в улучшении

9. Мектептегі өзгерістерді басқарып, табысты мектепке айналдыруда мектеп командасының қызметін дамыту қажет пе? / Необходимо ли развивать деятельность команды в школе в управлении школьными изменениями и превращении их в успешную школу?

А) Ия / Да

В) Жоқ / Нет

С) Өз ойым / Свое мнение _____

10. Сіздің көзқарасыңыз бойынша "Жаңа буын мектебі" қандай болуы керек? (өз ойыңызды жаза кетсеңіз) / На Ваш взгляд какой должна быть "Школа нового поколения"? (прошу написать свое мнение)

Қосымша 3

Ата-аналарға арналған сауаланама / Опрос для родителей

1. Мекен жайыңыз? / Местонахождение?

- А) Қала / Город
- Б) Ауыл / Село

2. Отбасындағы бала саны? / Количество детей в семье?

3. Оның ішінде мектепте оқитыны? / В том числе, обучающиеся в школе?

4. Балаңыздың үй жұмысын орындауға көмектесесіз бе? / Оказываете ли Вы помощь в выполнении домашнего задания вашего ребенка?

- А) Иә / Да
- Б) Жоқ / Нет

5. Балаңызды қосымша курстарға бересіз бе? / Посещают ли ваши дети дополнительные курсы?

- А) Иә болса, не үшін? / Если да, для чего? _____
- Б) Жоқ болса, не үшін? / Если нет, для чего? _____

6. Мектептегі ұстаздардың сабақ беру деңгейін қалай бағалайсыз? / Как Вы оцениваете уровень преподавания учителей в школе?

- А) Жоғары / Высоко
- Б) Жақсы / Хорошо
- С) Қанағаттанарлық / Удовлетворительно
- Д) Қанағаттанарлықсыз / Неудовлетворительно
- Е) Жауап жоқ / Ответа нет

7. Сіздің ойыңызша мектепте оқушылардың сапалы білім алуы неге көбірек байланысты? / Как вы думаете, от чего больше зависит качественное образование учащихся в школе?

- А) Ата-аналардың баласының сабағын үнемі қадағалауына / Постоянное наблюдение родителей за уроками своего ребенка
- Б) Мұғалімнің берген біліміне, қойған талабына / от требований и знаний учителя
- С) Оқушының өзіне байланысты / Зависит от самого ученика
- Д) Оқулықтың сапасына / Зависит от качества учебников
- Е) Өз ойым / Свое мнение _____

8. Сіздің балаңыз баратын мектепте қауіпсіз білім ортасы қалыптасқан ба? / Существует ли безопасная образовательная среда в школе, которую посещает ваш ребенок?

- A) Ия / Да
- B) Жоқ / Нет

9. Балаңыздың жетістікке жету жолында кедергі тудыратын факторлардың алдын алу үшін мектепте пән мұғалімдерінің кері байланысы қалай жүзеге асырылған? / Как осуществляется обратная связь учителей-предметников в школе, чтобы предотвратить факторы, препятствующие обучению вашего ребенка на пути к успеху?

- A) Өте жақсы / Очень хорошо
- B) Жақсы / Хорошо
- C) Нашар / Плохо
- D) Мұғалімдермен байланыс жоқ / Нет связи с учителями

10. Сіз балаңыз жақсы білім алуы үшін, мектепте қандай өзгерістер болғанын қалайсыз? / Какие изменения вы предпочли бы, чтобы ваш ребенок получил хорошее образование в школе?

- A) Мектептегі кейбір мұғалімдердің біліктілігінің дамуы / Повышение квалификации некоторых учителей в школе
- B) Ата-аналар мен мұғалімдердің дұрыс қарым-қатынастар орнату жұмыстарын енгізу / Внедрение работы родителей и учителей по установлению правильных отношений
- C) Мұғалімдер мен оқушылардың достық, түсіністік қарым-қатынаста болуы / Дружеские, понимающие отношения учителей и учащихся

Қосымша 4

Терең сұхбат әдісі арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы келісім

Астана қаласы

_____ 2023 жыл

_____, бұдан әрі "Сұхбат алушы" деп аталатын, бір жағынан, және _____, екінші жағынан, бұдан әрі "Сұхбат беруші" деп аталатын/ бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

1. Келісімнің мәні:

1.1. Сұхбат беруші осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес сұхбат алушының қойылған барлық сұрақтарына жауап беруге міндеттенеді. Сұхбатқа кететін уақыт 15 минуттан 90 минутқа дейін. Сұхбат жүргізу тілі _____. Тараптар сұхбаттың аудиожазбасына келісім береді. Бұл ретте, сұхбат берушінің жеке деректері оның дербес деректерін иесіздендіру жолымен жария етілмейді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

2.1. Сұхбат алушының міндеттері:

- 2.1.1. Осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес сұрақтар қоюға;
- 2.1.2. Сұхбат алушыға мүмкіндігінше сыпайы болуға және этикалық мінез-құлық нормаларын сақтауға;
- 2.1.3. Сұхбат қорытындысы бойынша материалдарды пайдалану кезінде сұхбат берушінің жеке деректерін жария етпеуге;
- 2.1.4. Сұхбат үшін белгіленген уақытты сақтауға.

2.2 Сұхбат алушы құқылы:

- 2.2.1. Қосымша нақтылайтын сұрақтар қоюға;
- 2.2.2. Осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген негізгі сұрақтарға дейін қарапайым әңгіме жүргізу;
- 2.2.3. Сұхбат қорытындысы бойынша алынған ақпаратты зерттеу мақсатында пайдалануға.

2.3. Сұхбат беруші міндеттенеді:

- 2.3.1. Барлық сұрақтарға мүмкіндігінше адал жауап беруге;
- 2.3.2. Осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес барлық қойылған сұрақтарға жауап беруге уақыт бөлуге.

2.4. Сұхбат беруші құқылы:

- 2.4.1. Сұхбат жүргізу тілін таңдауға;
- 2.4.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда сұрақтарды өткізіп жіберуге;
- 2.4.3. Денсаулық жағдайына және жауаптардың сапасына әсер ететін басқа себептерге байланысты шұғыл қажеттілік туындаған кезде тайм-аут алуға;
- 2.4.4. Жауаптарды ұсыныстар мен ескертулермен толықтыруға;
- 2.4.5. Құпияларды сақтауға.

3. Тараптар міндеттенеді:

- 3.1. Этикалық нормаларды сақтай отырып, сыпайы әңгіме жүргізуге;

- 3.2. Осы Келісім шеңберінде әрекет етуге;
- 3.3. Кездесу уақыты мен орнын бірлесіп анықтауға.

Қосымша 5

Сұхбат сұрақтары мен жауабы:

1. Жалпы білім саласындағы, оның ішінде қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтіліңіз?
2. Қазіргі кездегі білім саласы туралы өз пікіріңізбен бөлісуіңізді сұраймын?
3. Атырау облысында білім саласында қандай проблемалар жиі кездеседі?
4. Қазіргі кездегі білім саласындағы реформаларға көзқарасыңыз?
5. Атырау облысындағы білім саласын жақсартуға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар (*нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар немесе жобалар*)?

Қосымша 6

Сұхбат алушы

Аты-жөні (толығымен): _

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллақызы_

Туған күні: 16.01.1976

Мекен-жайы: Атырау қаласы

Байланыс деректері: **87758800040**

Қолы: _____

Сұхбат беруші

Аты-жөні (толығымен):

Биманова Орынтай Молдашқызы

Туған күні: **12.12 .1969ж**

Мекен-жайы: **Атырау облысы Атырау қаласы**

ұялы телефон +77016368049

Қолы: _____

1. Менің аты -жөнім Биманова Орынтай Молдашқызы. Қазіргі уақыттағы жұмыс өтілім, жалпы педагогика саласында 32 жыл. Жұмыс орным: Атырау облысы білім беру басқармасы басшысының орынбасары. Қазіргі кездегі білім саласындағы өзімнің пікіріммен бөлісетін болсам, әрине мен келісем, бұл сіздің сауалдарыңызға жауап беруге, пікір көп қосуға болады. Білім саласында алдымен, проблемалар әрине жиі кездеседі бүгінгі уақытта. Бірінші, проблема ретінде мен педагогикалық этика жөнінде айтар едім. Педагог кадрлар тарапынан, этика, әдеп сақтау мәселесі деңгейінің төмендігі менің көңілімді қынжылтады. Себебі, қазіргі уақытта әлеуметтік желі деген өте маңызды ғой, сол әлеуметтік желіден қарап отырып, кейбір өзіміздің педагог кадрларымыздың, басшы кадрларымыздың, оларға бағынысты мамандардың деңгейлерін, жазған сөздерін кейбір министрдің атына, я болмаса осы жергілікті атқарушы органдар басшыларының атына ешқандай субординация сақтау, педагогикалық этика деген жоқ бір мәнді-мәнсіз сұрақтар қою, не болмаса кінә тағу тәрізді, байқаймын соны мен проблема деп есептеймін. Себебі ол менің түсінігімде, педагог кадр, ондай деңгейде, сөз бостандығы берілген деп, ол бағытта сөз сөйлеуі дұрыс емес. Қазіргі уақытта сонымен, біз күресуіміз керек. Ондай кадрлармен жұмыс жасау керек деп ойлаймын, яғни сондай кадрлардың деңгейіне жеткізбеуіміз керек. Қазіргі қоғамда жастар өсіп келе жатыр біздің артымыздан, олардың түсінігі мен еркіндікті аңсаймын, еркін сөйлеймін дейді де, алдыңғы буын аға-апаларының деңгейіне қосылып кетеді. Сондықтан болашақта бізде еркіндік берілген екен деп, бос сөз айтатын, не болмаса тырнақтың астынан кір іздейтін мұғалімдер емес, керісінше өзінің жұмысын сапалы атқаратын мұғалімдер керек деп есептеймін.

2. Қазіргі кездегі білім саласы туралы пікірім: қазіргі кезде білім саласында жаңалық көп. Осы жаңалықтардың барлығын енгізу кейбір тұстарда қиындық келтіреді, себебі, ол біздің педагог кадрлардың психологиясына және теориялық біліміне, әдістемелік бағыттағы білім деңгейлеріне, көп мән беріп, солардың деңгейін өсірген жағдайда ғана жаңалықтарды енгізу мүмкіндігі тиімді болады деп есептеймін. Егер де біздің білім саламыздағы оң нәтиже беретін жақсы жаңалықтарды ала отырып, оларды енгіземіз деген ықылас-ниетіміз болғанмен де, педагогтардың тарапынан қолдау таба алмайтын болса, әрине сырттай қолдағанмен де, ішкі жағынан келгенде олар мүлдем дайын емес болғандықтан, осы тұста қиындық көріп қалып жатқанымыз шындық. Сондықтан қазіргі білім саласы жаңалығы көп болғанмен де, оны қолдаушылар тарапынан жаңалық түпкілікті еніп кетпегендіктен салады тұралаушылық кездесетіні рас. Білім саласын айтандықтан білім сапасын айтамыз. Білім сапасына келсек, халықаралық зерттеулер бар, өзіміздің ішкі зерттеулеріміз бар, тіпті мектептің өзінің мектепшілік бағалаудың өзінде қарапайым баланың жазған БЖБ, ТЖБ-ларының өзінде сол сапаның деңгейі көңіл көншітпейді. Сондықтан білім саласы оң нәтиже беріп, бізде ең жоғары деңгейде болу үшін жаңалықтарды енгізбестен бұрын мамандарды сол деңгейде оқытып дайындап алған дұрыс деймін. Әрине оқытылады, бірақ мамандар сол оқуды қабылдамайды, яғни бізде әлі ескі стереотип қалыптасқан. Сол стереотиптерді бұзу керек білім саласындағы.

3. Атырау облысындағы білім саласындағы проблемаларға келсек, балалар арасындағы суицид, буллинг, қыз балалардың ерте жүктілігі, оқулықтың проблемалары бар, педагог кадрлардың өзара конфликтісі бар, содан кейін басқару қабілеті төмен менеджер емес басшыларымыз бар біздің, қазіргі кездегі беріліп жатқан курстардың сапасы бар т.б. мәселелерді айтуға болады. Курстардың өту мерзімі үш жыл деп өзгертілді ғой, мен соны қолдамаймын. Ол бес жыл болу керек, себебі, үш жылда біліктілік арттыру орындарымен бұл мамандардың барлығын қамтып болу мүмкін емес, үш жылдың ішінде олар түгел қамтылмайды. Біреулері мүлдем бармай да қалуы мүмкін. Сонымен қатар, облыстағы білім сапасының төмен болуы мұғалімдер тарапынан жауапкершіліктің және теориялық білімнің төмендігі деп ойлаймын.

4. Бүгінгі күні реформа деген сөз өмірімізге етене енді ғой. 2016 жылдан бері қарай жаңартылған білім беру мазмұны біздің өмірімізге енді. 2021-2022 жылдан бастап, жаңартылған білім беру мазмұны техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енді. Бүгінгі күні мен бұл реформалардың жақсы жақтарын ғана айта аламын, себебі, дәстүрлі білім беруде бізде сабақ мақсатын өзіміз айқындаймыз. Сабақтың үш мақсатын алатынбыз, білімділік, тәрбиелілік, дамытушылық, Қазіргі уақытта осының бәрі стандартта көрсетілген, яғни стандартта бізде бағдарлама беріледі. Бұл бағдарламаның ішінде біз өзімізге қажетті талаптардың барлығын таба аламыз. Мысалы, стандарттың ішінде бағдарлама, бағдарламаның ішінде ұзақ мерзімді жоспар тұрады. ҰМЖ дейміз ғой, Ұзақ мерзімді жоспарда сабақтың мақсаттарының барлығы көрініп тұрады. Біздің мақсатымыз- балаға осы стандарт бойынша сабақтың мақсаттарын меңгерту. Сабақтың ұзына бойы, сабақтың мақсаттарына сәйкесті критерийлерді анықтаймыз. Критерийлерді анықтай отырып, сол критерийлерге сәйкесті тапсырмаларды жинақтаймыз. Ал бізде мұғалімдер арасында проблема неде? Сабақтың мақсаты беріліп тұр стандартта. Бірақ олар соған сәйкесті критерийлерді анықтай алмайды. Бағалау критерийін. Содан соң өздерінің тапсырмаларын оқу мақсатына сәйкесті құра алмайды. Содан кейін келіп бізде оқу мақсатына сәйкесті тапсырма құрылмағандықтан, біз сабақтың мақсатына жете алмай қаламыз. Ең соңына келгенде біз өзіміздің не сұрап отырғанымызды өзіміз білмейміз, демек сабақ мақсатына жетпей қалады. Бірақ жаңартылған білім беру мазмұны біздің алдымызға стандартты түрде өзімізге қажетті барлық дүниенің барлығын әкеліп отыр. Мұғалімнің мақсаты- тек қана алдына берілген осы стандартты одан әрі балаға әрі қарай меңгерту. Ал біз осының өзінен қиындық көреміз. Себебі, біріншіден біздің өзіміздің теориялық деңгейіміз, екіншіден шығармашылық деңгейіміз төмен, үшіншіден өзіміздің жалқаулығымыз басым, осыдан келеді де проблема туады. Біз балаға осыдан сапалы білім бере алмаймыз. Тағы бір реформа деп айтар едім, 2012 жылдың қазан айынан бастап, білім саласында көптеген өзгерістер болды ғой. Білім беру жүйесі бөлінді, Бақылау департаменттері пайда болды, біліктілік арттыру институттары пайда болды, қосымша әдістемелік орталықтар немесе кабинеттер ашылды. Осы кезден бастап әрқайсысының міндеттері болды. Сол міндеттеріне сәйкес жұмыс жасап келе жатыр. Осы жердегі реформа курстар, яғни

мұғалімдердің біліктілігін арттыру методикалық бағытта болды, яғни әдістемелік бағытта. Біз Кембридж бағдарламасы бойынша оқыдық. Түрлі шетелдің методикасын меңгердік, Оның өзін бірінші, екінші, үшінші деңгей болып оқыды мұғалімдер. Одан кейін 2016 жылдан бастап бізде жаңартылған білім беру мазмұны енді. Мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқи бастады. Міне, осының барлығы реформа. Бірақ бұл жерде айта кететін жайт, биылғы жана 2022-2023 оқу жылынан бастап енген білім беру курстары методикалық бағытта емес, мұғалімнің теориялық білімін арттыруға бағытталды. Сондықтан, бұны мен оң реформа деп есептеймін, себебі, мұғалімге қазір керегі теория. Өзіңіз ойлап қараңыз, мысалы мен 32 жыл стажым болатын болса, мен 1991 жылы университет бітірдім, ол кездегі тарих кеңес үкіметінің тарихы, ал қазіргі тарих әрине заманауи тарих, өзгерістері бар тарих. Ол жаңалық тарих ғана емес, математика, физика, химия, биологияда да бар, яғни бәрінде де бар. Сонда қараңыз сонау 90 жылдары бітірген, тіпті оның бер жағында 2000 жылы да бітірген мұғалімдердің өзі жаңалықтардан құр қалып қойды. Сондықтан білім саласындағы реформалардың бірі теорияға біліктілік арттыру курстарын мен қолдаймын.

5. Атырау облысының білім беру саласындағы, яғни саланы өзгерту мақсатындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгерту дегенге келсек, білім басқармасының тарапынан жылдық жұмыс жоспары жасалады, бір жылға арналған жұмыс жоспары, соған жүйелілік қажет деп ойлаймын. Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің жұмыс жоспары сол облыстық білім беру басқармасының жұмыс жоспарының негізінде жасалу керек. Егер де бізге министрліктің деңгейінен сондай жұмыс жоспары түсетін болса, біз сол жоспардың деңгейінде жұмыс жасайтын болсақ, әрі қарай өзімізге бағынысты жұмыс жоспары деңгейінде жұмыс жасайды. Сонда мүмкін біз қағазбастылықтан арылатын шығармыз.

Қосымша 7

Сұхбат алушы

Аты-жөні (толығымен): _

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллақызы_

Туған күні: 16.01.1976

Мекен-жайы: Атырау қаласы

Байланыс деректері: **87758800040**

Қолы: _____

Сұхбат беруші

Аты-жөні (толығымен):

Наубетов Курмангали Махсотович

Туған күні: **19.04.1966ж**

Мекен-жайы: **Атырау облысы Исатай**

ауданы Х.Ерғалиев ауылы

Байланыс деректері:

ұялы телефон +77025300670

Қолы: _____

Сұрақтар:

1. Жалпы білім саласындағы, оның ішінде қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтіліңіз?

Жалпы білім саласындағы еңбек өтілім 32 жыл

2. Қазіргі кездегі білім саласы туралы өз пікіріңізбен бөлісуіңізді сұраймын?

Қазіргі таңда білім саласы көптеген өзгерістерге ұшырауда, көптеген реформалар, жыл сайын типтік үлгідегі оқу жоспарының өзгерістерге ұшырауы, цифрлық сауаттылық, әртүрлі сипаттағы және бағыттағы «инновациялар» енгізілуі осының барлығы мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеуде, осы мақсат тұрғысынан шығу үшін мұғалімдер көп іздену керектігі, ақпаратты сұрыптаудың жаңа тәсілдері мен жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру заманауи технологияларды меңгеру міндеті тұр.

3. Атырау облысында білім саласында қандай проблемалар жиі кездеседі?

Жалпы Атырау облысындағы басты проблема бұл білім сапасының артта қалуы деген пікір жиі айтылып келеді. Бұл өз кезегінде ҰБТ нәтижелері, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада нәтижелері. Мектептерді жарақтандыру да маз емес деп ойлаймын әсіресе ауыл мектептеріндегі басты проблема бұл интернет желісі жылдамдығының нашар болуы, қазіргі заманғы санитарлық талаптарға мектеп ғимаратының сай болмауы, кейбір пәндерден мамандардың жетіспеуі, т.б

4. Қазіргі кездегі білім саласындағы реформаларға көзқарасыңыз?

Өмір бір орында тұрмайтыны секілді қазіргі өркениетте қарыштап күн сайын даму үстінде, осы тұрғыдан алып қарағанда реформалардың жүргізілуі заңдылық деп ойлаймын.

5. Атырау облысындағы білім саласын жақсартуға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар (*нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар немесе жобалар*)?

Атырау облысында білім саласын жақсартуға байланысты көптеген жұмыстар атқарылуда 2021 жылы Атырау облысының әкімдігі орта білім беру саласындағы қордаланған мәселелерді шешу үшін «Атырау облысында білім беруді дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасын іске қосты. Жоба аясында күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында 50 қалалық және ауылдық мектептерге ауқымды диагностика және зерттеу жүргізілді, білім беру қызметінің жағдайы мен сапасын жақсартуға ұсыныстар әзірленді. Зерттеу 5 негізгі бағытта жүргізілді: аналитика және мониторинг, білім алушылардың әл-ауқаты, педагогикалық ұжым және инфрақұрылым. Бұған дейін мектеп командасын (директор, орынбасар, әдістемелік бірлестік жетекшісі, жетекші мұғалім) дайындау курстарында 198 мұғалім топта жұмыс істеу дағдысына, мектепті басқарудағы өзгеріске үйретілді. Бұл жұмыс мектеп басшылары мен олардың ұжымдарының жұмысын жүйелеуге және жоспарлауға

айтарлықтай көмек көрсетті. Аталған жұмыс «Мектеп командасы» жобасы шеңберінде жалғасын табуда.

Зерттеу нәтижелері педагогтерді пәндік, әдістемелік құзыреттілік тұрғыдан дамыту қажеттілігін анықтап берді. Осыған орай және зерттеудің басқа да көрсеткіштерін ескере отырып, Әдістемелік орталық келесі мазмұндағы іс-шараларды іске асырылуда:

– мектептердегі білім беру процесіне қатысты деректерді жинау, талдау, өңдеу, шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін облыстың бірыңғай ақпараттық-білім беру жүйесін жасақтау;

– әр мектепте білім беру ұйымының қызметіне қатысты деректерді жинау, талдау, өңдеу қызметімен айналысатын аналитикалық топтар құру;

– пән мұғалімдерінің, мектеп тренерлерінің, әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын арттыру;

– педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға жәрдемдесетін мектеп командасы қызметін барлық білім беру ұйымында іске қосу;

– мектептерде бірыңғай академиялық адалдық сақтау саясатын енгізу;

– мектептерді білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша толыққанды әдістемелік қолдаумен, әдістемелік тағылымдамен қамтамасыз ету;

– мұғалімдердің зерттеушілік әлеуетін және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану дағдысын Сабақты зерттеу (Lesson Study) және Іс-әрекетті зерттеу (Action Research) дербес практикасы арқылы дамыту;

– ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қолдау (желілік қауымдастық, онлайн платформалар, қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді пайдалануға оқыту, т.б. арқылы);

– өңірдегі үздік педагогтердің озық инновациялық тәжірибесін жалпылау және тарату, насихаттау;

Осы ұсыныстарды толық қолдаймын және өз мектебімде жүзеге асыру бағытында барынша жұмыстанамын дегім келеді.

Қосымша 8

Сұхбат алушы

Аты-жөні *(толығымен)*:

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллаевна

Туған күні: 16.01.1976

Мекен-жайы: _Атырау қаласы

Байланыс деректері: 87758800040_

Қолы: _____

Сұхбат беруші

Аты-жөні *(толығымен)*:

Тулеуова Бибигул Орынғалиевна

Туған күні: _ 19.05.1968

Мекен-жайы: Атырау облысы Исатай ауданы Х.Ерғалиев ауылы

Т.Даулетияров көшесі 16

Байланыс деректері:

Тел: + 7 778 934 11 68

Эл.почта: bibigul_t_68@mail.ru

Қолы: _____

Қосымша 9

Сұхбат алушы

Аты-жөні *(толығымен)*:

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллаевна

Туған күні: 16.01.1976

Мекен-жайы: Атырау қаласы

Байланыс деректері: 87758800040

Қолы: _____

Сұхбат беруші

Аты-жөні *(толығымен)*:

Тұлеуова Ділмұқашева Орынша
Матаевна

Туған күні: 22.07.1968

Мекен-жайы: Атырау облысы Индер ауданы

Байланыс деректері:

Тел: + 7 778 380 1872

Қолы: _____

Сұрақтар:

1. **Жалпы білім саласындағы, оның ішінде қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтіліңіз?**

Жалпы еңбек өтілім, оның ішінде осы ұйымда 35

2. **Қазіргі кездегі білім саласы туралы өз пікіріңізбен бөлісуіңізді сұраймын.**

Білім саласында, оның ішінде, педагогтердің біліктілігін арттыру, құзыреттіліктерін дамыту бағытында жүргізілген реформаларды құптаймын. Алайда бастапқы кезеңде жақсы нәтиже берген деңгейлік бағдарламалардың тоқтауы содан кейін енген жаңартылған мазмұнда білім берудің тәжірибеде орнығуын біршама тежеді. Мұғалімдер деңгейлік бағдарлама шеңберінде ұжымда көшбасшылық, тренерлік, сыныптағы көшбасшылықты табысты жүргізіп отырған еді. Алайда ақы төлеу тоқтатылған соң бұл жұмыстар мектептердің көпшілігінде жалғаспай қалды.

3. **Атырау облысында білім саласында қандай проблемалар жиі кездеседі?**

Біздің өңіріміздің басты проблемасы – сапалы білім алған оқушыларымыздың шетелге көптеп кетуі, мұнай-газ саласының мамандықтарын таңдауының салдарынан педагогикалық мамандықтарға білімі орташа оқушылардың келуі. Соңғы 2 жылда бұл үдеріс оң бағыт алған секілді. Дегенмен соңғы 10 – 15 жылда мектепке келген мамандардың сапасы сын көтермейді.

4. **Қазіргі кездегі білім саласындағы реформаларға көзқарасыңыз?**

Педагог мәртебесін көтеру, пәндердің оқу бағдарламасын қайта қарау, ерте жастан бейіндік оқыту бойынша қолға алынып жатқан іс-шараларды құптаймын. XXI ғасыр қажеттіліктері мен қоғамдағы нақты жағдайды есепке ала отырып, өзгермелі қоғамда өмір сүріп отырған жастарды жан- жақты қаруландыратын кәсіптік бағдар беру бағытында арнайы бағдарлама керек деп есептеймін. Ол жерде әр өңірдің экономикалық, әлеуметтік- тұрмыстық ерекшелігі, менталитеті ескерілген іс-шаралардың өзіндік жол картасын жасау мүмкіндігі болуы керек.

5. **Атырау облысындағы білім саласын жақсартуға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар (нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар немесе жобалар)?**

Басшы кадрлардың еңбекақысын өсіруді жеделдету, мектепке сынып жетекшіге төленетін ақыны көбейту (педагог- психолог лауазымына қойылатын талаптар мен функционалдық міндетті бекіте отырып, өйткені қазіргі сынып жетекшілер өздерінің пәндік жүктемелерінен, ҰБТ, олимпиадаға оқушы дайындау, кәсіби байқауларға қатысудан босамайды. Сынып жетекшілікке алатын ақы сол айдағы плакат, маркеріне, А4 қағазына да жетпейді)

Қосымша 10

Сұрақтар:

1. Жалпы білім саласындағы, оның ішінде қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтіліңіз?

Білім саласындағы жалпы педагогикалық өтілім 29 жыл, қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтілім 4 жыл.

2. Қазіргі кездегі білім саласы туралы өз пікіріңізбен бөлісуіңізді сұраймын.

Қазіргі күнде қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу басты міндетіміздің бірі десек болады.

Білім саласы туралы пікіріммен бөлісетін болсам, Қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасына сәйкес мұғалімнің алдына қоғамның талаптарына сәйкес алған, танымдық іс-әрекет арқылы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қабілетті терең білімге, дағдыларға, Біліктіліктер мен қабілеттерге негізделген дұрыс және тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру міндеті қойылады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіне енгізілген технологиялар қаншалықты инновациялық болса да, оның тиімділігіне мұғалімнің шеберлігі мен осы шеберлікті жетілдірудің арқасында ғана қол жеткізуге болады.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістері кезінде сапалы білімнің реформасын тек қана толығымен өңделген стратегия арқылы жүзеге асыруға болатынын түсіну нәтижесінде еліміздің білім беру жүйесі едәуір жетістіктерге қол жеткізіп, алдағы уақытта бұл үрдіс жалғасатынына көз жеткізуге болады.

Білім сапасы – өмір сапасының негізі. Дамыған, бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарында, тұғыры биік тәуелсіз еліміздің білім беруді дамытуға арналған реформаларын жүзеге асыруда, ынтымақпен табысты еңбек ету басты міндетіміз екенін ұмытпағанымыз абзал.

3. Атырау облысында білім саласында қандай проблемалар жиі кездеседі?

Мектепке дейінгі ұйымдар желісін көбейту қажет. 3-6 жастағы балаларды қамтуға облыс бойынша мыңнан астам бала балабақша кезектілігінде тұр. Сондықтан балабақшалар санының әлі де аздығы кедергі туындатады.

Бүгінгі күні облыста 4 апатты, 11 үш ауысымды мектеп бар. Өңірде жол картасы аясында 2025 жылға дейін 48 мектеп салу жоспарланды.

Авариялық жағдайдағы мектептер мен үш ауысымда оқытатын мектептердің проблемасы шешілмей келеді.

Мектептерді жылдамдығы секундына 4 мегабит болатын кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету көрсеткіші де артығымен орындалған. Интернеттің жылдамдығы мәлімделген жылдамдықтан әлдеқайда төмен мектептер де баршылық. Кең жолақты интернет желісімен қамтамасыз ету проблемасымен

мектептер әлі де толық жұмыс жасай алмай отыр. Кең жолақты интернет жылдамдығы өте төменгі дәрежеде қосылады.

Жыл сайын оқушы санының артуына байланысты мұғалімдерге де сұраныс көбейіп барады, Атырау облысында 200-ден астам білім беру ошағы бар. Оған 413 педагог жетпейді екен. Кадр тапшылығы басты проблема.

3. Қазіргі кездегі білім саласындағы реформаларға көзқарасыңыз?

Біздің саралайтын негізгі мәселе білім беру саласы болып отыр. Осы жыл ішінде білім беру саласы қалай өзгерді. Шыны керек, білім беру саласы қоғам тарапынан ең көп сын айтылатын саланың бірі. Білім беру жүйесіндегі реформалар мен өзгерісті халық белсене талқылай түседі. ҰБТ, жоғарғы білім, балабақшалардағы жағдай, оқулықтар сапасы, мектеп мәселесі, мұғалім мамандығының ролі. Қазіргі білім саласындағы реформаларға оң көзқарастамын, Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп аса құрмет тұтқан мұраты биік мұғалім мәртебесінің заңмен бекітілгені елімізді, әсіресе, ұстаздар қауымын айрықша қуантты. Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Мұғалім мәртебесі көтерілуі үшін Заңның жай құқықтық құжат, яғни декларация күйінде қалмай, ең алдымен – функцияналды түрде толық орындалып, нақты іске асып жатқандығын көзіміз көріп, көңілімізге қуаныш ұялады. Қабылданған жаңа заң еліміздің барша ұстаздарына үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілікті де жүктеді. Осы үдеден шығып, мәртебе биігінен көріну – әрбір ұстаздардың міндеті. Тапсырылып отырған таудай сенім – біз үшін үлкен мәртебе!

Ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстан босату, жүктемесін азайтуы мұғалімдерге оқушылардың таным-тәрбиесіне, білім сапасына аса мән беруіне жағдай жасалғанына ерекше мән берілді. Ең бастысы, мұғалім мәртебесінің заңмен бекітілгендігін ауданымыздағы әр мектеп ұжымы зор қуанышпен қабылдады.

5. Атырау облысындағы білім саласын жақсартуға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар (нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар немесе жобалар)?

Білім саласын жақсартуда олқылықтармен жұмыс жасайтын арнайы жоба жүзеге асырылса, сол арқылы білім сапасын көтерудің тиімділігін арттыру жолға қойылса;

Білім саласын жақсарту үшін мектеп басшыларын бухгалтерлік есеп пен мемлекеттік сатып алу сынды жұмыстардан босатса, олар педагог ретінде тек оқу – тәрбие үрдісімен айналысса;

Білім саласын жақсарту мақсатында оқу үрдісінен тыс уақытта бала өмірі мен денсаулығы, тәрбиесі үшін жауапкершілік тек ата – анадан сұралатын нормативтік құқықтық актілер қабылданса;

Білім саласын жақсарту мақсатында кадр тапшылығын жою мен материалдық техникалық базаларды жақсарту мәселелері түбегейлі шешілсе.

Қосымша 11

Сұхбат алушы

Аты-жөні (толығымен):

Жұмағазиева Айнагүл Ғибатоллақызы

Туған күні: 16.01.1976

Мекен-жайы: _Атырау қаласы

Байланыс деректері: 87758800040

Қолы: _____

Сұхбат беруші

Аты-жөні (толығымен):

_____Қабышева Венера Берікқызы

Туған күні: _____06 .03 .1976 ж.т

Мекен-жайы: __Атырау облысы

Махамбет ауданы Махамбет ауылы

Жайық шұғыласына 50 жыл 25/8

Байланыс деректері: _87760753136_____

Қолы: _____

Сұрақтар:

1. Жалпы білім саласындағы, оның ішінде қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтіліңіз?

Жалпы білім саласында -24 жыл, қазіргі жұмыс орнындағы еңбек өтілім-1 жыл.

2. Қазіргі кездегі білім саласы туралы өз пікіріңізбен бөлісуіңізді сұраймын?

Қазіргі уақытта еліміздегі білім беру және тәрбие жұмысы органдарының жұмысына ерекше көңіл бөлінеді, білім беру мен тәрбие жұмысының сапасын арттыру, мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Білім беру жүйесінде жаңа бағыттар қалыптаса бастайды, мемлекеттік стандарттар жаңартылады, оқу бағдарламасы жетілдіріледі, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері кеңінен қолданылады, сонымен қатар білім беру сапасына қатаң талаптар қойылады. Сонымен қатар білім сапасына да қатаң талаптар қойылып жатыр.

3. Атырау облысында білім саласында қандай проблемалар жиі кездеседі?

Атырау облысы бойынша білім саласының проблемаларының ең өзектісі-үш ауысымдық мектептердің болуы, кадр жетіспеушілігі. Сонымен қатар білім сапасының сыртқы бағалау мониторинг көрсеткіштерінің төмендігі өңірде білім саласы бойынша түйткілді мәселелер бар екенін көрсетеді. Облыста мектептерде директорлардың тағайындалмауы да оқу-тәрбие процессіне т.б. жұмыстарға да үлкен әсерін тигізуде.

4. Қазіргі кездегі білім саласындағы реформаларға көзқарасыңыз?

Қазіргі таңда білім саласында оң реформалар қарқын алуда.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттың жобасы аясында балаларды мектепке дейінгі тәрбие және біліммен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының алшақтығын қысқарту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектептер салу, қауыпсіз әрі жайлы білім беру ортасын құру міндеттерін іске асыруға бағытталған. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да іске асырылып, қолға алынуда. Бұл ұлттық жобаны іске асыру мектептердің инфрақұрылымын жақсартуға, мектептерді жайлы, қауыпсіз және заманауи білім беру ордасымен қатамасыз етуге мүмкіндігін береді.

5. Атырау облысындағы білім саласын жақсартуға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар (*нормативті құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар немесе жобалар*)?

Атырау облысының білім саласын жақсарту үшін кадр жетіспеушілігін жою, кадрлардың әлеуетін көтеру, кадр тұрақтылығын сақтау, мектепшілік бақылауды күшейту бағыттарын жетілдіру, дарынды балалармен жұмысты кеңейту, педагогикалық ұжымдардағы ішкі ахуалды реттеу, білім сапасын күшейтуге бағытталған жобаларды дамыту. ҚР БҒМ 57 бұйрықтың кейбір тармақтарына өзгерістер еңгізу.